РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ АПТАЛЫҚ • INTERNATIONAL POLITICAL WEEKLY

TÚRKISTAN

www.turkystan.kz

№44 (1679) 23 ҚАЗАН, ЖҰМА, 2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 1994 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАҢТАРДАН ШЫҒА БАСТАДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕ – ӘСКЕРИ РЕФОРМА ЖОСПАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ.



Мемлекет басшысы еліміздегі ауқымды өзгерістерді ескере отырып, қорғаныс саласын реформалау жөнінде ұсыныстар әзірлеуді және оны Қауіпсіздік Кеңесінің қарауына енгізуді тапсырды.

Президент қысқа мерзімде заманауи, ұтқыр әрі технологиялық тұрғыдан озық армия құрудың айрықша маңызына назар аударды.

– Қарулы Күштердің сапасын өзгерту міндеті қойылды. Өзгерістер басқару ісін, әскери қызметшілерді даярлауды, кадр саясатын, әскери білім беруді, қорғанысты жоспарлау мен технологиялық жарақтандыруды қамтуға тиіс. Әскери қызметтің қауіпсіздігіне, әскерге басшылық ету мәдениетіне және мемлекет ресурстарын тиімді пайдалануға айрықша мән беру керек. Армияның қоғаммен қарым-қатынасы да өзгеруге тиіс. Кешенді реформа қажет. Бұл істе толыққанды шешімдер қабылданбайынша, көздеген нәтижеге жету мүмкін емес, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Отырыста Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары Аида Балаева әскерді жасақтаудың халықаралық тәжірибесін, ұрыс қимылдарын жүргізудің заманауи тәсілдерін және отандық мамандардың ұсыныстарын ескере отырып әзірленген Жоспардың негізгі ережелерін таныстырды.

Құжатта мемлекеттің бүкіл әскери жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған институционалдық өзгерістер көзделген.

Атап айтқанда, Қарулы Күштердің құрылымы мен құрамын қайта қарау, басқару және қорғанысты жоспарлау тетіктерін жетілдіру, Үшқышсыз жүйелер күштерін құру, сондай-ақ армияның негізгі компоненттерін нығайту жоспарланып отыр.

Бұл реформаның маңызды аспектісі – мерзімді әскери қызметтің екі кезеңнен тұратын үлгісіне көшу. Әскерге шақырылғандар алғашқы алты айда оқу орталықтарында даярлықтан өтеді. Кейінгі алты айда тікелей әскери бөлімдерде қызмет етеді. Бұл кезеңде жауынгерлік даярлыққа және бөлімшелер құрамында міндеттерді орындауға басымдық беріледі.

Әскери қызметшілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құқықтарын қорғауға ерекше назар аудару қажет.

Әскери консультанттар мен Әскери қызметшілер істері жөніндегі уәкіл институттарын құру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жарғыға сай келмейтін іс-әрекетке жол бермеу және әскери тәртіпті күшейту іс-шаралары қабылданады.

Сонымен қатар «Адал азамат» тұжырымдамасына негізделген «Жас айбын» бірыңғай әскери-патриоттық даярлық жүйесін дамыту, мамандандырылған әскери мектептер желісін кеңейту және бастапқы әскери даярлықты жетілдіру көзделген.

ОТАНДЫҚ ТАКСИ ҚАЖЕТ ПЕ?

КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ЕЛІМІЗДЕ ТАКСИ ҚЫЗМЕТІ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫ БАСТАН ӨТКЕРДІ. ЖОЛ БОЙЫНАН ҚОЛ КӨТЕРІП КӨЛІК ҰСТАЙТЫН НЕМЕСЕ ДИСПЕТЧЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ ТЕЛМІРЕТІН ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕ КЕЛМЕСКЕ КЕТТІ. ШАҒЫН БЮРОЛАР МЕН ЖЕКЕЛЕГЕН ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫҢ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛҒАН БЫТЫРАҢҚЫ ОРТА БІРТІНДЕП КЕШЕНДІ ЦИФРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРГЕ БЕТ БҰРДЫ.



Нарыққа inDrive, Yandex сынды халықаралық агрегаторлардың келуі бастапқыда қызмет көрсетудің ашықтығын арттырып, бәсекелестікке қозғау салғанымен, бара-бара орасан зор ресурстар мен технологиялық артықшылыққа ие ірі платформалар басым түсті. Жуырда орын алған техникалық ақау бұл саланы жалғыз компанияға байлап қоюдың қауіпті екенін көрсетіп, азаматтардың жеке деректерін қорғау және цифрлық суверенитетімізді сақтау үшін нарықта әділ бәсеке тудыратын ұлттық балама платформа қажет екенін түпкілікті айқындап берді.

ОТАНДЫҚ ТАКСИ ҚОСЫМШАЛАРЫ НЕГЕ ТОҚЫРАДЫ?

Осыған дейін еліміздің көлік нарығында іске қосылған бірнеше жоба болды. Дегенмен олардың көбі халықаралық платформалардың қарқынды экспансиясы мен ресурстық артықшылығына төтеп бере алмады.

Жергілікті такси қызметінің тарихына көз жіберсек, 2010-2015 жылдары нарықта Өскемен мен Қарағандыда қарқын алған Aparu Taxi, сондай-ақ Taxi.kz, Aray Taxi сияқты әртүрлі аймақтық автопарктердің дербес қосымшалары пайда болды. Олардың негізгі бизнес-моделі классикалық диспетчерлік қызметті цифрландыруға және жүргізушілерден бекітілген күнделікті абоненттік төлем немесе 5-8 пайыз аралығындағы төмен комиссия алуға негізделді. Шығыс Қазақстанда сәтті дамыған Aparu Taxi жобасы жергілікті нарықтың ерекшелігін өте жақсы білді және inDrive жүйесіне ұқсас, жолаушы мен жүргізуші бағаны өзара келісетін аукциондық модельді де шебер қолданды. Дегенмен қаржылық және технологиялық ресурстардың шектеулілігінен бұл жоба республикалық деңгейге толық шыға алмады. Аймақтық стартаптардың басты кемшілігі капиталдың аздығынан, сапалы гео-карталардың жоқтығынан және жолаушыларға жеңілдіктер мен жүргізушілерге бонустар беретін маркетингтік субсидиялардың жеткіліксіздігінен байқалды. Нәтижесінде, ірі шетелдік агрегаторлар бұл жобаларды нарықтан кезең-кезеңімен ығыстырып шығарды.

Отандық компаниялар мен жаңа ойыншылардың ірі цифрлық платформамен тең дәрежеде бәсекеге түсуіне бірнеше фундаменталды фактор бөгет болып отыр. Ең негізгі тосқауыл – екі жақты желілік эффект. Жолаушылар көлік жылдам келетін қосымшаны таңдаса, жүргізушілер тапсырыс көп түсетін платформаға тіркеледі. Бұл екі тарапты бір уақытта тарту орасан зор ресурсты талап етеді. Оған қоса, өз үлесін арттыру үшін агрегаторлар бастапқыда демпингтік бағаларды, жолаушыларға промокодтарды және жүргізушілерге орындаған сапарлары үшін кепілдендірілген бонустарды ұсынады. Отандық стартаптар мұндай миллиондаған долларлық маркетингтік шығынды көтере алмайды.

Технологиялық инфрақұрылым мен картография да айтарлықтай рөл атқарады. Yandex өзінің карталар жүйесіне, нақты уақыттағы кептелісті есептеу алгоритмдеріне және миллиондаған дерек негізінде жұмыс істейтін машиналық оқыту жүйелеріне ие. Ал OpenStreetMap сияқты бөгде карталарды пайдаланатын шағын қосымшалар нақты бағдар құру мен бағаны оңтайлы есептеуде технологиялық жағынан қалыс қалып жатады. Бұған қоса, ірі платформалар жергілікті банктермен және цифрлық әмияндармен тікелей интеграцияланып, бір қосымшаның ішінде тамақ жеткізу мен жүк тасу сияқты басқа да сервистерді біріктірген. Халықтың белгілі бір интерфейске, жоғары сервис стандартына және қауіпсіздік кепілдіктеріне үйреніп кетуі де жаңа отандық қосымшаға ауысу ынтасын төмендетеді.

Бұл салада нарыққа жаңа ойыншылардың кіруіне қатысты институционалдық кедергілер де өте жоғары. Экономикалық талдауларға сәйкес, такси агрегаторлары нарығына кіруге бөгет тым көп болғандықтан, жаңа компания жүйені іске қосу үшін тек IT-архитектураға емес, жүргізушілер базасын қалыптастыруға және пайдаланушыларды тартуға миллиондаған инвестиция салуға тиіс. Доминантты компаниялардың комиссиялық мөлшерлемелерді өзгерту арқылы шағын бәсекелестерді нарықтан ығыстыру мүмкіндігі де жоғары. Сонымен бірге, серверлерді ел ішінде оқшаулау, киберқауіпсіздік талаптарын сақтау және фискалдық жүйелермен интеграция сияқты заңнамалық міндеттемелер де шағын отандық стартаптар үшін қосымша ауыр қаржылық жүктеме тудырады.

YANDEX ТАКСИ НАРЫҒЫНЫҢ 90 ПАЙЫЗЫН ЖАУЛАҒАН

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің дерегінше, бүгінде Yandex қалалық агрегаторлар нарығының шамамен 90 пайызын бақылауда ұстап отыр. Мұндай үстемдік, әсіресе, Астана мен Алматы сияқты ірі мегаполистерде қатты байқалады. Күн сайын миллиондаған тұтынушы осы платформаның қызметіне жүгінеді, ал жылдық сапар саны жүздеген миллионға жетеді. Ал бұл жүйеде ел бойынша 300 мыңға жуық жүргізуші еңбек етеді. Сапар құнының шамамен 16 пайызын Yandex платформасы ұстаса, ортадағы серіктес таксопарктер қосымша 4 пайыз маңайында комиссия алады. Нарықта inDrive пен Maxim да жұмыс істеп жатыр, бірақ олардың үлесі әлдеқайда төмен әрі негізінен қалааралық қатынастарды қамтиды.

Yandex-тің мұндай сұранысқа ие болуының артында жүйелі технологиялар тұр. Ауа райы бұзылғанда, жолаушылар көбейгенде немесе жүргізуші азайғанда бағаны автоматты түрде көтеретін алгоритмдер сұраныс пен ұсынысты лезде теңестіреді. Көліктің тез жетуі жолаушыға ыңғайлы болса, жүргізушінің де бос тұрып қалмауына жағдай жасалған. Нақты карталар, үздіксіз навигация, қолма-қол ақшасыз төлем және қосымшаның жеңілдігі халықтың бұл қызметке әбден үйренуіне жол ашты.

Жалғасы 2-бетте

ЖЕМІСТІ ЖЕТІ ЖЫЛ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП: мемлекеттік саясаттың өзегі

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БЕРІКТІГІН, АЛ ТӘРТІП – ҚОҒАМНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН АЙҚЫНДАЙТЫН БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР. 2019 ЖЫЛДАН БЕРГІ ЖЕТІ ЖЫЛДА ЕЛІМІЗДЕ ОСЫ ЕКІ ҰҒЫМДЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫҢ ӨЗЕГІНЕ АЙНАЛДЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АУҚЫМДЫ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАСАЛДЫ. ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ БАСТАМАШЫ БОЛҒАН РЕФОРМАЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАТЫН, МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТТАР ҚОҒАМ АЛДЫНДА ЖАУАП БЕРЕТІН ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРДЕ СЕЗІЛЕТІН ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ.

Жеті жылдық кезеңнің ерекшелігі – «Заң мен тәртіп» қағидатының тек қылмысқа қарсы күреспен шектелмеуі. Ол конституциялық кепілдіктерді нығайту, сотқа қолжетімділікті кеңейту, отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу, полиция қызметін жаңарту және азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру міндеттерімен ұштасып отыр. 2024 жылғы Жолдауда да заң мен тәртіп ел дамуының маңызды тірегі ретінде айқындалды.

Жалғасы 4-бетте



Айрықша бітімді Ақжан:

АСТАНАДА ТУҒАН ЕРЕКШЕ ЖЫЛҚЫ НЕСІМЕН ТАҢҒАЛДЫРАДЫ?

АСТАНАДА АҚЖАН АТТЫ ЕРЕКШЕ АҚАЛТЕКЕ БИЕ ӨСІП КЕЛЕДІ. ОНЫҢ ТҮГІ ЖАРЫҚТА МЫҢ ҚҰБЫЛЫП, ЖАРЫҚПЕН ШАҒЫЛЫСҚАНДА МЕТАЛЛ СИЯҚТЫ ЖЫЛТЫР РЕҢККЕ ШОМАДЫ, СИПАТТАМАЛАРҒА ЗЕР САЛСАҚ, АҚЖАНҒА ТӘН АҚШЫЛ-САРЫ (ИЗАБЕЛЛА) ТҮС ӨТЕ СИРЕК, АҚАЛТЕКЕНІҢ ТЕК ҮШ ПАЙЫЗЫНДА ҒАНА КЕЗДЕСЕДІ.

8»



Отандық ТАКСИ ҚАЖЕТ ПЕ●

Басы 1-бетте

Арайлым ЖОЛДАСБЕККЫЗЫ



Заң тұрғысынан алғанда, Кәсіпкерлік кодексе сәйкес, компанияның нарықтағы үлесі 35 пайыздан асса, ол бәсекелестікке ықпал ете алатын субъект ретінде мемлекеттік бақылауға алынады. Бұл мүмкіндікті асыра пайдаланып, бағаны негізсіз көтеру немесе бәсекелестерге қысым жасау монополиялық заң бұзушылық болып саналады. Ресми тексерулер компанияның 90 пайыздық үлесін монополиялық жағдай ретінде сипаттағанымен, реттеуші орган оны халықты жұмыспен қамтып отырған өзіндік ерекшелігі бар монополист ретінде қарастырады. Нарықтағы үстемдік пен баға белгілеу алгоритмдерінің әділдігі тұрғысынан аталмыш компанияға қатысты бәсекелестік заңнамасы аясында бірнеше рет антимонополиялық зерттеулер мен аудиттер жүргізілген.

Компания жоғары баға белгілеу және тиісті ақпаратты ұсынбау фактілері бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ цифрлық экожүйені қолдау мемлекеттік қорына өз еркімен 3 миллиард теңге бөлді. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі компанияға «Эконом» тарифі бойынша платформа комиссиясының мөлшерін екі жылда бір реттен жиі өсіруге тыйым салды. Тарифтерді көтеру туралы реттеуші органға кемінде 3 күн бұрын (72 сағат бұрын) ресми хабарлама жіберу міндеттелді. Қосымшада сапар құнының нақты неден тұратынын (базалық тариф, сұраныс коэффициенті, т.б.) жолаушыға ашық көрсету талап етілді. Сондай-ақ жүргізушілерге арналған бонустық және ынталандыру бағдарламаларының көлемін үлғайту міндеті қойылды.

САПАР ҚҰНЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Қазақстандағы такси сервистерінің экономикасы платформаның маржиналды табыстылығы, таксопарктердің инфрақұрылымдық шығындары және жүргізушілердің операциялық шығыстары арасындағы күрделі қаржылық тепе-теңдікке негізделген. Жолаушы төлейтін әрбір сапар құны заңнамалық, технологиялық және ұйымдастырушылық деңгейде нақты бөліктерге «ыдырайды». Нақтылап айтқанда, Yandex Go базалық комиссиясы сапар құнының 11-16 пайызы аралығын құрап, бонустар, сервистік алымдар мен қосылған құн салығы есебінен өзгеріп отырады. Оған қоса бағдарламалық қамтамасыз етуді, атап айтқанда таксометрді пайдаланғаны үшін қосымша алымдар да қарастырылған. Өз кезегінде отандық таксопарктер жүргізушіні жүйеге тіркеу, бухгалтерлік есепті жүргізу, төлемдерді шығару және салықтық агент болу қызметі үшін сапар бағасының 2-4 пайызы аралығында қосымша комиссия ұстайды.

Жүргізушілер түскен жалпы соманың шамамен 80-83 пайызы аралығындағы бөлігін алғанымен, бұл қаржыдан жанармай, газ шығындары, жөндеу жұмыстары, көлікті жалға алу немесе автокредит төлемдері, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік бойынша салықтар мен әлеуметтік аударылымдар толық шегеріледі. Нәтижесінде, жүргізушінің нақты таза табысы сапардың жалпы құнының 35-45 пайызынан аспайтын бөлігін ғана құрайды. Сонымен қатар платформа белсенді жүргізушілерге тапсырыс азайған кезде, ең жоғары жүктеме сағаттарында сапарлар саны үшін мақсатты бонустар ұсынса, жолаушылар үшін арнайы промокодтар мен демпингтік жеңілдіктер қарастырылып, бұл шаралар екі тарапты да жүйеде ұстап тұруға бағытталған.

Алайда такси саласының монополияланып нарық қатысушыларына әсер етпей қоймайды. Монополияланған ортада жүргізушілер тарифтерге, комиссия мөлшеріне ешқандай әсер ете алмайды, бұл оларды әлеуметтік қорғалмаған, еңбек құқықтары кепілдендірілмеген еңбекшілер тобына айналдырады. Бағаны алгоритм белгілейтіндіктен, жүргізушілер инфляция мен жанармай қымбаттаған жағдайдың өзінде платформаның ұсынған шартына көнуге мәжбүр. Төтенше баға белгілеу кезінде сұраныс күрт артса, алгоритм сапар құнын екі-үш есеге дейін өсіреді, ал нарықта күшті бәсекелес болмағандықтан, жолаушыларда баламалы баға ұсынысын таңдау мүмкіндігі шектеулі қалады. Сонымен қатар жергілікті таксопарктер дербес тасымалдаушы компания мәртебесін жоғалтып, Yandex Go платформасының қарапайым әкімшілік және қаржылық филиалына айналды. Парктер өз бетінше баға саясатын жүргізе алмайды, олардың негізгі қызметі тек жүргізушілерді жүйеге қосу және қаржыны қолма-қол ақшаға айналдырумен ғана шектеледі.

Бізде жаңа сервистердің төмен комиссия мен арзан тариф стратегиясымен ұзақ мерзім бойы «өмір сүруіне» қатаң экономикалық факторлар мүмкіндік бермейді. Төмен комиссия жинайтын сервис серверлерді ұстап тұру, киберқауіпсіздік, жоғары дәлдіктегі гео-карталарды жалға алу, сатып алу, сондай-ақ техникалық қолдау мен бағдарламалық жасақтаманы жаңартып отыру шығындарын жаба алмайды. Арзан тариф пен төмен комиссия кезінде бір сапардан түсетін операциялық маржа теріс мәнге ие болып, венчурлық немесе инвесторлық қаржыландыру аяқталған кезде жоба банкротқа ұшырайды. Платформа өскен сайын процессингтік қуаттарға кететін шығын экспоненциалды түрде өсетіндіктен, мұндай шығындарды тек үлкен сапарлар көлемі мен жоғары комиссиялық түсім арқылы ғана өтеуге болады. Егер сервис төмен комиссиямен жұмыс істеп, жоғары деңгейдегі бонустар мен жеңілдіктер бермесе, жүргізушілер мен жолаушылар қайтадан тапсырысы мол, сервисі жылдам ірі платформаға лезде өтіп кетеді.

YANDEX АҚАУЫ НЕНІ КӨРСЕТТІ?

Осы айда Yandex Go компаниясында болған техникалық ақау Қазақстанның қалалық көлік инфрақұрылымы цифрлық платформаларға қаншалықты тәуелді болып қалғанын анық көрсетті. 11 қазанда таңертең басталған ақау бірнеше сағатқа созылып, Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе сияқты ірі қалаларды қамтыды. Сервис өкілдері мен реттеуші органдардың хабарлауынша, бұған бөлінген есептеуіш инфрақұрылымының жекелеген бөліктерінің зақымдануы себеп болған. Сыртқы серверлердегі, соның ішінде дата-цорталықтардағы төтенше жағдай сервистің алгоритмдік өңдеу процестерін уақытша тоқтатуға мәжбүр етті. Дегенмен мемлекеттік орган өкілдері азаматтардың дербес деректері сақталатын жергілікті серверлердің штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанын, ақпараттың сыртқа кетуі немесе зақымдануы тіркелмегенін ресми түрде хабарлады.

Бұл тоқырау нарықтағы такси қызметтеріне оңай тиген жоқ. Қосымшадағы карталар мен бағдар құру функциясы істен шығып, көлікке тапсырыс беру мүмкіндігі шектелді. Халықтың жұмысқа, әуежайлар мен вокзалдарға уақытылы жете алмауы автобус пен метро сияқты қоғамдық көліктерге түсетін салмақты бірден арттырды. Ал жүргізушілер мен такси парктер үшін арнайы бағдарламалық терминалдар бұғатталып, орындалған сапарлардың есебі тоқтап қалды. Сағаттарға созылған бұл үзіліс жүргізушілер мен автопарктердің түсімін айтарлықтай азайтты. Жүйе істен шыққан соң қала көшелерінде бұрынғыдай «қол көтеріп көлік ұстау» қайта жанданып, бейберекет тоқтаған көліктерден мегаполистердің негізгі даңғылдарында ұзын-сонар кептеліс пайда болды. Оның үстіне, бағаны автоматты белгілеу жүйесі де істемей қалғандықтан, жеке тасымалдаушылар жол ақысын екі-үш есе өсіріп жіберді.

Осы оқиға бүкіл жүйені бір ғана платформаға байлап қоюдың қаншалықты қауіпті екенін сездірді. Қалалық такси қызметі іс жүзінде әлеуметтік және логистикалық маңызы бар стратегиялық инфрақұрылымға айналғанымен, оның жалғыз жеке цифрлық монополияға тәуелді болуы қаладағы барлық транзитті бір сәтте бұғаттап тастау қатерін туғызады. Сервистің негізгі басқару тетіктері мен алгоритмдерінің шетелдік жүйелермен тығыз байланысты болуы сыртқы геосаяси жағдайлар, кибершабуылдар немесе техникалық ақаулар кезінде ішкі нарықтың қорғаныссыз қалатынын айқын көрсетті.

Төтенше жағдайда іске қосылатын балама инфрақұрылымның әлсіздігі де анық байқалды. Қазір монополист платформа тоқтағанда қалалық көлік жүйесін орнына баса алатын отандық резервтік цифрлық платформа жоқ. Ресми деңгейде тек баламалы агрегаторлар мен жергілікті таксопарктердің өз қосымшаларын дамыту, сондай-ақ қоғамдық көліктің резервтік бағыттарын шұғыл іске қосу сияқты жаңама шаралар қарастырылып жатыр. Болған жағдайдан кейін уәкілетті мемлекеттік органдар цифрлық платформаларға резервтік отандық серверлік қуаттарды күшейту және дағдарыс кезеңіне арналған іс-қимыл жоспарларын әзірлеу бойынша жаңа қатаң талаптар қоюды күн тәртібіне шығарды.

ЦИФРЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК

Бүгінгі цифрлық такси қызметтері қарапайым тасымалдан асып, үлкен көлемдегі ақпаратты өңдейтін күрделі жүйеге айналды. Платформаға жүгінген сәттен бастап деректерді жинау процесі тоқтаусыз жүреді.

Жүйе қолданушының GPS арқылы нақты геолокациясын, жиі баратын жерлері мен жүру бағыттарын, сондай-ақ аты-жөнін, телефон нөмірі мен электронды поштасын тұрақты түрде тіркеп отырады. Мұнымен қоса банк карталарының токенделген мәліметтері, төлем тарихы, IP-мекенжай, құрылғы моделі мен операциялық жүйе нұсқасы сияқты техникалық параметрлер де бақылауға алынады. Жинақталған бұл ауқымды ақпарат машиналық оқыту алгоритмдері арқылы терең талданады. Ол сұраныс пен ұсынысты сәйкестендіру, бағаны құбылмалы ету, тиімді бағыт сызу, сапар қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жеке маркетингтік ұсыныстар әзірлеу үшін қажет. Мәліметтер цифрлық базаларда шифрланып сақталады, ал қаржылық және сапар тарихына қатысты деректер салық әрі заңнама талаптарына сай архивте үш жылдан бес жылға дейін сақталады.

Заңдық тұрғыдан алғанда, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңның 12-бабы мен «Киберқауіпсіздік туралы» заңның 56-1-бабына сәйкес, ел азаматтарының дербес деректерін жинау мен өңдеу кезінде олардың бастапқы базалары мен серверлік инфрақұрылымы Қазақстан аумағында орналасуға тиіс. Өз кезегінде Yandex Go сервисі ресми құжаттарында жергілікті заң талаптарын толық сақтап, қазақстандық пайдаланушылардың деректер базасын ел ішінде оқшаулағанын айтады. Компания саясаты бойынша деректерді өңдеу пайдаланушының келісімімен жүргізіледі, ал трансшекаралық дербес деректер кейбір техникалық процестерді қамтамасыз ету үшін бақыланатын режимде жүзеге асады.

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің өкілдері де, компанияның ресми ақпараты да Yandex Go сервисін пайдаланушылардың дербес деректер базасы Алматы қаласындағы дата-центрлерде сақталатынын растайды. Дегенмен сервистің күрделі аналитикалық және алгоритмдік компоненттері гибридті архитектура негізінде шетелдік серверлік қуаттармен байланысты жұмыс істейтіні жасырын емес.

Бұл жағдай бірқатар құқықтық және ұлттық қауіпсіздік мәселелерін туындатады. Негізгі басқарушы компания шетелдік құқықтық кеңістікте тіркелген немесе сол елдің заңына бағынатын болса, экстратерриториялық нормалар арқылы (мысалы, Ресейдегі Федералдық қауіпсіздік қызметіне транзиттік және серверлік деректерге тікелей қолжетімділік беретін заңдар) отандық азаматтардың қозғалыс бағдарлары мен жеке мәліметтері үшінші тараптың қолына түсуі мүмкін. Сонымен бірге бас компания орналасқан мемлекетке халықаралық санкциялар салынса, бағдарламалық жасақтама, бұлтты инфрақұрылым немесе гео-карта жүйелері бұғатталып, қала ішіндегі көлік қатынасы тоқтап қалуы ықтимал. Оған қоса халықтың күнделікті миграциясы, көлік тасқынының тығыздығы мен әлеуметтік-экономикалық белсенділік картасы сияқты стратегиялық ақпаратты мемлекеттік органдардың толық бақылай алмауы елдің цифрлық дербестігіне нұқсан келтіреді.

Іс жүзінде компаниялар Қазақстан аумағында отандық серверлік қуаттарды жалға алып немесе сатып алып, деректер базасының көшірмесін ел ішінде сақтау арқылы оқшаулау талаптарын ресми түрде орындайды. Алайда қазіргі кросс-платформалы архитектурада бағдарламалық кодтың қай бөлігі қай жерде өңделетінін дәл ажырату оңай емес. Мемлекеттік реттеуші органдар деректер базасының ел ішінде сақталуын бақылағанымен, бұлтты есептеулер мен алгоритмдік өңдеулердің трансшекаралық ағынын бақы-

• ПІКІР



Думан БАҚЫТКЕЛДІ,
Qajet компаниясының негізін қалаушы:

100 МЫҢ ЖҮРГІЗУШІ ТІРКЕЛУГЕ ӨТІНІМ БЕРДІ

Qajet сервисін іске қосу бұрыннан көкейде жүрген жоспар еді. 2023 жылдан бері арнайы білікті IT-мамандарын іздестірдік.

Бұл салаға бет бұруымызға тек табыс табу емес, ақпарат пен деректің маңыздылығы түрткі болды. Жалпы, өз иелігінде бірде-бір көлігі болмаса да, арнайы платформа құру арқылы бүкіл такси нарығын ағын ретінде ұстап тұруға болады деген бизнес-модель бұрыннан қызықтыратын. Осы бағытта іздене келе, «Неге қазақстандық төл такси қызметін жасамаймыз?» деген берік байламға келдік.

Жаз айларында ауыл мен қала арасындағы қатынасқа арналған таксидің бастапқы нұсқасын әзірлеп қойған едік. Ал жақында еліміздегі негізгі такси қызметінде ақау болған сәтте жүйені жаңартып, жаңа құраммен, мықты мамандармен бар күшімізді салдық та, такси сервисін халыққа жарқ еткізіп ұсындық.

Қазір жүргізушілерге 0 пайыздық комиссия ұсынып отырмыз. Бұл экожүйеде қажетті бағыттар өте көп, біз алдағы уақытта жазылым моделіне көшкіміз келеді. Сол себепті 0 пайыздық комиссияны таңдадық, яғни жүргізуші мен жолаушы арасындағы қаржылық қатынасқа тікелей араласқымыз келмейді. Алайда заңнамалық талаптарға сәйкес, бұл азаматтар табыс тауып отырғандықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтушы ретінде тіркеледі немесе жеке кәсіпкерлік ашады. Ортада таксопарктер де бар. Бізге ірі банктер де серіктестік ұсынып отыр. Солармен келісімшарттар жасалып, төлем жүйелері реттелген соң соған сай бизнес-моделдеріміз де толық нақтыланады.

Жолаушылардың қауіпсіздігі мәселесін Ішкі істер министрлігімен талқылап жатырмыз. Олар арнайы ішкі аудит жүргізіп, бұл жобаны бірлесе дамытуға, тығыз серіктестік орнатуға ниет білдірді. Бұл да – оң жаңалықтың бірі.

Сонымен бірге жүргізушілерді базаға тіркеу процесі қарқынды жүріп жатыр. 25-30 мыңға жуық жүргізушінің құжаттарын тексеріп, растап үлгердік. Ал 70 мыңға жуық жүргізуші тіркелуге өтінім қалдырып, кезегін күтіп отыр. Бұл ағынды реттеу үшін колл-орталықтар мен менеджерлерді дайындап, барлық процесті барынша автоматтандыруға күш салып жатырмыз.

Баға мен техникалық ақауларға қатысты түйткілдер шұғыл түрде шешіліп жатыр. Көлікті табу мен күту уақытының созылуы немесе жүргізуші жақындап қалғанда тапсырыстан бас тарту сияқты жайттар бар. Бұл, бір жағынан, жүргізушілер санының әлі де жеткіліксіздігіне, екінші жағынан, бәсекелестеріміздің біз нарыққа шыққалы бағаны арзандатып, түрлі бонустар ұсынып, өз қолданушыларын бізге жібергісі келмей барын салып жатқанына байланысты деп түсінеміз. Қазір жолаушылардың саны жүргізушілерге қарағанда он есе көп. Сол себепті жүргізушінің бағытына сай келген жолаушылар бірден көлік тауып жатса, кейбір азаматтардың ұзақ күтіп қалатыны да жасырын емес. Осы олқылықтарды сезіну үшін өзіміз де басқа қалаларға барып, жүргізуші де, жолаушы да болып көрдік. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ұсыныстар мен әлеуметтік желілердегі пікірлердің бәрін назарға алып отырмыз.

Пайдаланушылардың шағымын қарау және қызмет сапасын жақсарту мақсатында Алматы қаласында арнайы команда құрдық. Құтқару қызметі, қауіп белгісі, көлікте затты ұмытып кету, дөрекілік таныту, жолаушы мен жүргізушінің бір-біріне шағымдануы сияқты мәселелердің бәрі толық бақылауда. Мұның бәрі біз үшін өте маңызды. Өйткені болашақта жауапты жүргізушілер мен мәдениетті жолаушыларға арнайы сыйлықтар мен ерекше мүмкіндіктер ұсынғымыз келеді. Қазірден бастап қатаң рейтинг енгізіп, қолданушыларды шектеп тастаудан аулақпыз. Керісінше, осы бастапқы кезеңде ережелерді сақтап, адал, тәртіпті жұмыс істеген жүргізушілерді лайықты түрде марапаттаймыз.

Серверлеріміз бен жүйеміз ел ішінде орналасқан. Қарағандыдағы Hoster, Beeline сияқты компаниялар өз дата-орталықтарын ұсынып жатыр. «Ғылым ордасы» тарапынан да арнайы ұсыныстар түсті. Қазір әрқайсысымен кездесіп, ең тиімді шешімді таңдаймыз. Қосымшамыздың іске қосылғанына бүгін сегізінші күн ғана болды, сондықтан түсіп жатқан ұсыныстардың ішінен бізге де, қолданушыға да ең пайдалысын таңдап аламыз.

Әрине, жаңадан құрылып жатқан жүйенің техникалық ақауларын өз пайдасына шешкісі келетіндер де, бәсекелестер тарапынан астыртын ұйымдастырылған кейбір әрекеттер де орын алып жатыр. Дегенмен барлық деректер мен сапарлар бағдары біздің базамызда сақталатындықтан, мұндай теріс әрекеттерге барған тұлғалардың кейіннен сапалы клиент табуына немесе біздің жүйеде жұмыс істеуіне шектеу қойылатыны анық.

Алдағы уақытта қызмет аясын кеңейтіп, курьерлік жеткізу, қалааралық тасымал және жүк тасу сервистерін қосуды жоспарлап отырмыз

• ПІКІР



Мейіржан ӘУЕЛХАНҰЛЫ,
IT-маман:

КАРТАНЫ ӨЗІМІЗ ЖАСАУҒА ТЫРЫСУ – ҚҰР УАҚЫТ ПЕН АҚША ШЫҒЫНЫ

– Қазақстандық IT-мамандары Yandex Go деңгейіндегі такси қосымшасын өз күшімен оп-оңай жасай алады. Тапсырыс беру, көлікті картадан қадағалау, төлем мен рейтинг жүйесін 10-15 адамнан тұратын жақсы команда алты-тоғыз айда құрастырып шығады. Бізде ондай білікті инженерлер бар. inDrive, Kaspi мен Kolesa сияқты ірі компанияларда да біздің мықты мамандар еңбек етіп жүр. Сондықтан «бізде қабілет жоқ» дегенге сенбеймін. Бірақ шындықты айту керек, қосымша жазып шығу – бүкіл жұмыстың небәрі 10-15 пайызы ғана. Негізгі қиындық экранда емес, экранның артында жатыр.

Біріншіден, ол – алгоритмдер. Сұраныстың қай сағатта, қай ауданда өсетінін болжау, жүргізуші мен жолаушыны тиімді уақытта кездестіру, жол уақытын дәл есептеу, жаңбыр жауғанда бағаны құбылту – осының бәрі жылдар бойы жиналған миллиондаған сапардың дерегіне сүйенетін жүйелер. Дерек жоқ жерде алгоритм оқымайды, ал дерек жиналу үшін алдымен сапар болуы керек. Басты түйыққа тірейтін жер де – осы.

Екіншіден, бұл – масштаб. Секунд сайын мыңдаған телефоннан түсетін GPS-сигнал, кешкі уақытта сұраныстың он есе шарықтауы, жүйенің тәулігіне бір минут та тоқтамауы үлкен күшті талап етеді. Yandex-те мұны ондаған инженер күні-түні бақылап отыр.

Үшіншіден, технологиядан тыс шаруалар бар: жүргізушілерді тарту, алаяқтармен күресу, қолдау қызметі, сақтандыру, салық. Бұл IT болмағанымен, IT-ден әлдеқайда қымбатқа түседі.

Ең бастысы – такси нарығының өзіндік табиғаты. Жүргізуші тапсырыс көп жаққа барады, ал жолаушы көлік тез келетін қосымшаны таңдайды. Яғни, үлкен ойыншы өзінен-өзі өсіп-үлкейе береді, ал жаңа ойыншы кемінде бір-екі жыл шығынға жұмыс істеуге мәжбүр. Компания бұл кезеңде жүргізушіге қосымша бонустар төлеп, жолаушыға жеңілдіктер береді. Ақша әдетте технологияның өзіне емес, осы шығынды жабуға жетпей қалады. Сондықтан «үш жыл шығынға кім шыдайды?» деген сұрақ – ең маңызды мәселе.

Негізі, «бәрін өзіміз жасаймыз» деген ұстанымның өзі де кейде қате. Тәуелсіздік дегеніміз – деректеріміз елде қалатындай жүйе құру. Осы ретте өзіміз жасауға тиіс басты нәрсе – платформаның «жүрегі», яғни жүптастыру, бағалау және болжау алгоритмдері. Мұны сыртқа алсақ, бізде өз платформамыз емес, біреудің технологиясына кигізілген сыртқы қабық қана қалады. Екінші міндетті мәселе – пайдаланушылар мен сапарлардың деректері. Олар тек Қазақстанның серверлерінде сақталуға тиіс. Бұл – заң талабы әрі ең құнды стратегиялық актив.

Серверлік инфрақұрылымда гибридті модель дұрыс. Негізгі жүйе жергілікті дата-орталықта немесе отандық бұлтта, ал резервтік көшірме халықаралық бұлтта болғаны жөн. Басты шарт – бір провайдермен шектеліп қалмау, ашық стандарттарды қолдану және қажет болса, жүйені бір айда басқа жерге көшіре алатындай болу.

Ал картаны нөлден бастап өзіміз жасауға тырысу – құр уақыт пен қаржыны ысырап ету. Бұған ондаған миллион доллар мен жылдар кетеді. Дұрысы – OpenStreetMap сияқты ашық карта деректерін немесе 2GIS сияқты провайдерлерді қолдану, бірақ маршрутты есептейтін негізгі қозғалтқышты өз серверімізде ұстау. Сонда карта провайдері ауысса да, такси қызметі тоқтап қалмайды. Төлем жүйесі де дәл солай: банктердің немесе Kaspi-дің эквайрингін аламыз, бірақ кемінде екі провайдермен қатар жұмыс істейміз. SMS, push-хабарлама, геокодинг сияқты ұсақ қызметтерді сырттан алуға толық болады, бұл – арзан әрі тез ауыстырылатын дүниелер.

Ең қарапайым қағидат мынау: бәсекелік артықшылық сыйлайтын нәрсені өзіміз жасаймыз, ал қалғанын кез келген уақытта ауыстыруға болатындай етіп сырттан аламыз.

Тағы бір ескеретін жайт – технологиялық тәуелсіздік саяси ұранға айналып кетпеуі керек. Егер мақсат нарықта өз такси қызметімізді орнықтыру болса, алғашқы инвестицияны қосымшаның сыртқы әдемілігіне емес, жүргізушілер базасы мен деректерді жинауға салу қажет. Технология әрқашан сол базаның алдында емес, артында жүреді.

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ЦИФРЛЫҚ БОЛАШАҒЫ

ҚҰРЫЛТАЙ ТӨРАҒАСЫ АЙБЕК ДӘДЕБАЙ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯ ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АСТАНАСЫНДА ӨТКЕН ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ XV ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ.



Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров Құрылтай Төрағасын ТүркПА-ға мүше елдер парламенттерінің басшыларымен бірге қабылдады. Айбек Дәдебай бауырлас елдің басшысына Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ыстық ықыласы мен ізгі тілегін жеткізді. Кездесуде бүтінде түркі мемлекеттері арасындағы қарым-қатынас стратегиялық деңгейге көтеріліп, жан-жақты дамып келе жатқаны атап өтілді. Бұл – елдер көшбасшылары арасындағы жемісті өзара іс-қимылдың тікелей нәтижесі.

Негізгі отырыс қарсаңында Жогорку Кенеш Төрағасы Марлен Маматалиевпен мазмұнды кездесу өтті. Айбек Дәдебай қырғыз әріптестеріне қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтып, Қырғыз Республикасының Парламентімен екіжақты қарым-қатынасты Парламентаралық ынтымақтастық жөніндегі кеңес, достық тобы және салалық комитеттер аясында барлық деңгейде одан әрі дамыту Құрылтай үшін айрықша маңызды екенін атап өтті.

ТүркПА-ның XV пленарлық отырысы «Жасанды интеллект және технологиялық прогресс дәуіріндегі түркі әлемінің парламентаралық ынтымақтастығы» тақырыбына арналды.

Құрылтай Төрағасы өз сөзінде бұл талқылау биыл Түркістанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде көтерілген бастамалармен үндес екенін атап өтті.

– Бұл жасанды интеллект пен заманауи технологиялар мәселелерінің түркі әлемінің ортақ күн тәртібінде ерекше орын алатынын көрсетеді. Осыған байланысты Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев түркі елдерінің IT-хабтар желісін және Астанадағы Alem.AI базасында Жасанды интеллект орталығын құру бастамасының маңыздылығын атап өтті. Бұл жобалар елдеріміздің технологиялық әлеуетін біріктіріп қана қоймай, ортақ цифрлық экожүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ең алдымен, мұндай тетіктер ынтымақтастықты декларативті деңгейден нақты практикалық нәтижелерге көшіруді қамтамасыз етеді, – деді Айбек Дәдебай.

Құрылтай Төрағасы сондай-ақ отырысқа қатысушыларды Габалада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде Қазақстан тарапы ұсынған бастамаларды қолдауға шақырды. Атап айтқанда, логистикалық әлеуетті арттыруға бағытталған жаңа технологиялар мен ортақ цифрлық шешімдерді ілгерілету үшін цифрлық мониторинг және цифрлық инновациялар орталықтарын ашу, сондай-ақ Түркі мемлекеттерінің киберқауіпсіздік жөніндегі кеңесін құру бастамалары туралы сөз болды.

Айбек Дәдебай Қазақстанда цифрландыру ел дамуының стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде айқындалғанын, ал 2026 жылды Президент «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялағанын атап өтті. Құрылтай Төрағасы әріптестерімен Қазақстанның цифрлық ортаны заңнамалық қолдау саласындағы тәжірибесімен бөлісті. Атап айтқанда, жаңа Цифрлық кодекс, «Жасанды интеллект туралы» заң, сондай-ақ Digital Qazaqstan ұлттық стратегиясы аясында заңнаманы одан әрі жетілдіру жұмыстары туралы айтып берді.

Осыған байланысты Қазақстан тарапы еліміздің тәжірибесі негізінде ТүркПА елдеріне арналған үлгілік Цифрлық кодексті әзірлеу бастамасын көтерді. Бұл құжат түркі мемлекеттері арасында цифрлық құқық саласының ортақ тұжырымдамалық, терминологиялық және әдіснамалық негізін қалыптастыруға ықпал етеді.

Айбек Дәдебай Қазақстанда цифрландыру саласында жүзеге асырылып жатқан жобаларға да тоқталды. Олардың қатарында заң шығару жұмысын e-Quryltai платформасына көшіру, өңірдегі ең қуатты екі суперкомпьютерді іске қосу, GovTech инфрақұрылымын дамыту, AI-Sana бағдарламасы арқылы азаматтарды оқыту, Astana Hub кластері мен Qazaq AI Research University базасындағы білім беру жобалары және басқа да бастамалар бар.

Отырыс барысында Құрылтай депутаттары Әмірбек Оспанбеков пен Сатыбалды Бұршақов баяндама жасады. Қатысушылар ТүркПА-ға мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік меншік құқықтарын қорғау, балаларды олардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау, бірлескен кәсіпорындар туралы және басқа да бірқатар үлгілік заңды қабылдады.

ТүркПА-ның XV пленарлық отырысының қорытындысы бойынша парламентарийлер Бішкек декларациясын қабылдады.

ТүркПА Кеңесінің отырысында Қазақстан Парламенттік Ассамблеяға төрағалықты Қырғыз Республикасына тапсырды. Айбек Дәдебай әріптестеріне осы жауапты міндетті атқаруда табыс тілеп, Құрылтай депутаттары парламентаралық байланыстар мен ортақ түркі бірлігін одан әрі нығайтуға бар күш-жігерін жұмсауға дайын екенін жеткізді.

ТүркПА отырысы аясында Құрылтай Төрағасы Әзербайжан Республикасы Милли Мәжілісінің Төрағасы Сахиба Гафарованмен және Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің Төрағасы Нуман Куртулмушпен кездесті. Тараптар ТүркПА аясында да, екіжақты форматта да парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі тереңдету мәселелері бойынша пікір алмасты.

Сонымен қатар Құрылтай депутаттары ТүркПА-ның Жас парламентарийлер және Парламентарий әйелдер топтарының жұмысына қатысты. Құрылтай депутаты, жас парламентарийлер тобының жетекшісі Дидарбек Ділдәбек жастардың саяси шешімдер қабылдау үдерістеріне қатысуы туралы баяндама жасады. ТүркПА-ның Парламентарий әйелдер тобының жетекшісі Айжан Темірбаева «Әйелдер және мәдени дипломатия: тіл мен ортақ дәстүрлер арқылы бірлікті нығайту» тақырыбындағы сессияда сөз сөйледі.

ҒЫЛЫМҒА УАҚЫТ БЕРМЕЙ, ОДАН ҮЛКЕН НӘТИЖЕ ТАЛАП ЕТУГЕ БОЛМАЙДЫ

ҒЫЛЫМҒА СЕРПІН БЕРІП, ЗЕРТТЕУШІНІ БЮРОКРАТИЯ БҰРАЛАҢЫНАН БОСАТУДЫ КӨЗДЕГЕН МЕМЛЕКЕТТІК БАСТАМАЛАР ҚАҒАЗ БЕТІНДЕ ҚАНШАЛЫҚТЫ ПӘРМЕНДІ КӨРІНГЕНІМЕН, ШЫНАЙЫ ӨМІРДЕ БЮДЖЕТ КОДЕКСІНІҢ ТАР ШЕҢБЕРІ МЕН ӘКІМШІЛІК КЕДЕРГІЛЕРГЕ ТІРЕЛІП ТҰР. ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҒЫЛЫМИ ГРАНТТАР МЕРЗІМІН БЕС ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҰЗАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ТАПСЫРМАСЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН БЕКІТІЛГЕНІМЕН, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ БАСЫМ ЖОБАЛАРДЫ БҰРЫНҒЫША ҮШ ЖЫЛДЫҚ ҚЫСҚА ЦИКЛМЕН ШЕКТЕУДЕН АРЫЛА АЛАР ЕМЕС. СОНЫҢ САЛДАРЫНАН АУҚЫМДЫ ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖАРТЫ ЖОЛДА ҮЗІЛІП, ҒЫЛЫМИ ОРТА «ТЕЗ ЖАЗЫЛАТЫН ҮСТІРТ МАҚАЛАЛАР» СИНДРОМЫНА БОЙ АЛДЫРУДА. АЛ РЕСМИ УӘДЕ МЕН НАҚТЫ ТӘЖІРИБЕ АРАСЫНДАҒЫ БҰЛ ЖҮЙЕЛІ АЛШАҚТЫҚ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ БОЛАШАҒЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТІП ЖАТЫР?



Мемлекет басшысы 2021 жылғы Жолдауында ғылымды қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзартуды тапсырды. Бұл отандық ғылымды дамытуға бағытталған шешуші кадам болды. Бастаманың түпкі мақсаты – ғалымдарға ұзақ зерттеу жүргізуге жағдай жасау, жыл сайын қағаз тасып, конкурс қуалайтын бюрократиядан арылту және ел үшін стратегиялық мәні бар нәтижеге қол жеткізу. Реформа заңнамалық деңгейде жасалғанымен, ресми ұстанған бағыт пен нақты өмірдің арасында алшақтық әлі де сақталып отыр.

2024 жылғы шілдеде қабылданған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заңының 34 және 36-баптарында ғылыми әрі ғылыми-техникалық қызметті қаржыландырудың формалары мен тетіктері көрсетілді. Мұндағы 36-бапта гранттық қаржыландыру мерзімі бес жылға дейін берілетіні шегелеп жазылған. Демек, уәкілетті орган – Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылыми конкурстарды бір жылдан бес жылға дейінгі мерзімде жариялауға толық құқылы. Бірақ заңдағы норма міндетті талап емес, «бес жылға дейін» деген созылмалы шекпен берілген. Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті өткізген негізгі конкурстардың басым бөлігі, атап айтқанда, іргелі және қолданбалы зерттеулер, «Жас ғалым» жобалары мен коммерцияландыру гранттары 2022-2026 жылдары бұрынғыдай үш жылдық циклмен өтті.

Аталған мәселені Құрылтай депутаттары күн тәртібіне қойып отыр. Осы аптада «Әділет» партиясы фракциясының мүшесі Лаура Қарабасова Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбекке және Қаржы министрі М.Такиевке Президенттің ғылымды гранттық қаржыландыру мерзімдерін ұлғайту жөніндегі бастамасының нақты орындалуына қатысты депутаттық сауалын жолдады.

– Бұл бастама заңнамалық тұрғыдан қолдау тауып, заңмен бекітіліп, арада төрт жыл уақыт өткенімен негізгі гранттық конкурстар әлі де үш жылдық мерзіммен өткізіліп келеді. Мәселен, 2022-2024, 2023-2025, 2024-2026, 2025-2027 және 2026-2028 жылға арналған конкурстар үш жылдық циклмен ұйымдастырылды.

Ең өкініштісі – осы күнге дейін ғалымдар осы үш жылды да толық пайдалана алмай келді. Өйткені конкурс өтеді, сараптама жасалады, Ұлттық ғылыми кеңес шешім қабылдайды, шарт жасалады. Осы рәсімнің бәріне уақыт кетеді. Нәтижесінде, ғылыми жұмыстың нақты мерзімі қысқарып, көп жағдайда зерттеу жұмысына 2-2,5 жылға ғана жетеді. Бұл – жай ғана әкімшілік кідіріс емес. Бұл – іргелі зерттеулердің қарқынын баяулатады. Әсіресе, биомедицина, ауыл шаруашылығы, экология, климатология, физика, химия, материалтану және инженерия саласы үшін өзекті. Мұндай зерттеуге ұзақ бақылау, бірнеше маусымдық цикл, технологияны сынау және ғылыми жарияланымға уақыт қажет. Ал ғалымға уақыт жетпесе, ол тәуекелге бармайды. Ұзақ зерттеуден қашады. Тез нәтиже беретін жобаны таңдайды. Осылайша, ғылымнан үлкен нәтиже күтеміз. Бірақ сол нәтижеге жетуге ғалымдарға қажетті уақытты өзіміз бермей отырмыз, – деді Лаура Қарабасова.

Депутат сөзінің жаны бар. Қазіргі қалыптасқан қысқамерзімді қаржыландыру форматы ғылымның барлық саласына бірдей әсер етпейді. Әсіресе, ұзақ уақытты, табиғи циклдерді, күрделі инженерлік сынақтарды талап ететін бағыттар дағдарысқа ұшырап отыр.

Экология мен климатология саласындағы жүйелерді, климаттық өзгерістерді зерттеу процесін бір немесе үш жылдық тар шеңберге сыйғызу мүмкін емес. Экожүйенің динамикасын, антропогендік әсерлерді нақты бағалау үшін кемінде 5-10 жылдық үзіліссіз мониторинг қажет. Алайда үш жылдық жоба аясында ғалымдар қаржыландырудың соңғы жылында есеп беру, құжаттарды жаппай тапсыруға кірісіп кетеді де, ұзақмерзімді қадағалау жұмыстары үзіліп қалады.

Ауыл шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығында да жағдай мәз емес. Мұнда жаңа сорттарды шығару, топырақ құнарлылығын зерттеу, ветеринариялық препараттарды сынақтан өткізу тікелей табиғи маусымдық циклге тәуелді. Дәнді дақылдардың, жеміс-жидектердің өнімділігі мен климаттық төзімділігін тексеру үшін кемінде 3-4 вегетациялық маусым, яғни жыл қажет. Үш жылдық грант аясында ғалымдар тек екі маусымның нәтижесін бақылап үлгереді де, үшінші жылы қаржының таусылуына байланысты тәжірибені жарты жолда тоқтатуға мәжбүр болады.

Биомедицина мен фармакология бағытында да ұқсас қиындықтар бар. Жаңа дәрілік заттарды жасау, клиникаға дейінгі зерттеулер, жасушалық биология, генетикалық тәжірибелер өте көп сатылы, ұзақ процестерді талап етеді. Жануарларға жүргізілетін ұзақмерзімді тәжірибелер мен олардың ағзасына тигізетін кері әсерін бақылаудың өзі бірнеше жылға созылады. Бір анығы, үш жыл ішінде жаңа молекула немесе препаратты өндіріске енгізу, болмаса толыққанды медициналық жаңалық ашу мүмкін емес.

Физика, химия, материалтану салаларында жаңа наноматериалдарды, жартылай өткізгіштерді немесе катализаторларды синтездеу, олардың физика-химиялық қасиеттерін әртүрлі температуралық, қысымдық режимдерде ұзақмерзімді сынау, соның ішінде тозуға әрі коррозияға төзімділігін анықтау көп уақытты алады. Оның үстіне, электронды микроскоптар мен хроматографтар сияқты күрделі ғылыми жабдықтарды шетелден сатып алу, жеткізудің өзі логистикалық кедергілерге байланысты 6-12 айға созылып, зерттеуге қалатын нақты жұмыс уақытын 1,5-2 жылға дейін қысқартып тастайды.

Инженерия мен өндірістік технологияларда инженерлік шешімдерді әзірлеп қана қоймай, оны тәжірибелік үлгіде жасап шығару, өндірістік жағдайда сынақтан өткізу, сертификаттау, қателерді жөндеу ұзақ уақытты қажет етеді. Үш жыл ішінде инженерлер теориялық макет пен патент деңгейінен әрі аса алмайды. Нәтижесінде, әзірленген технологиялар нақты экономикаға трансферт жасала алмай, қағаз жүзінде қалып қояды.

«Ғылымға уақыт беру – сапалы ғылыми нәтижеге жол ашу» дейді ұзақ жыл ғылыми зерттеулер жүргізіп келе жатқан ғалым, химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Гүлбану Жақсылықова.

– Ғылыми зерттеу – белгілі бір мерзім ішінде міндетті түрде дайын нәтиже беретін өндірістік процесс емес. Әсіресе, химия және химиялық технология саласында жаңа каталитикалық жүйелерді әзірлеу, химиялық реакциялардың жүру заңдылықтарын зерттеу, оңтайлы технологиялық жағдайларды анықтау және алынған нәтижелерді тәжірибелік түрғыдан дәлелдеу бірнеше жылға созылуы мүмкін. Мысалы, жаңа катализаторды зерттеу барысында алдымен оның құрамын таңдаймыз, кейін тәжірибелер жүргіземіз, алынған өнімдердің құрамын заманауи аналитикалық әдістермен анықтаймыз. Одан кейін нәтижелердің қайталанымдылығын тексеріп, ғылыми түрғыдан негіздейміз. Ал зерттеу нәтижесін өндірістік технологияға айналдыру үшін қосымша уақыт пен қаржыландыру қажет.

Қазір гранттық қаржыландыру конкурстарының басым бөлігі үш жылдық мерзімге ұйымдастырылып келеді. Оның үстіне конкурстық рәсімдер мен келісімшарттарды рәсімдеуге уақыт жұмсалуы ғылыми жұмыстардың нақты орындалу мерзіміне әсер етеді.

Бес жылдық қаржыландыру ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға, күрделі әрі ұзақмерзімді ғылыми міндеттерді шешуге және зерттеу нәтижелерін практикалық қолданысқа енгізуге қосымша мүмкіндік береді. Сонымен қатар ғылыми жобаларды іргелі және қолданбалы бағыттар бойынша бөлек қаржыландыру мәселесін де қарастырған жөн, – дейді Гүлбану Жақсылықова.

Ғалымның айтуынша, іргелі ғылымның негізгі мақсаты – жаңа ғылыми білім қалыптастыру, ал қолданбалы зерттеулер нақты технологиялық және өндірістік міндеттерді шешуге бағытталады. Сондықтан олардың нәтижелерін бағалау көрсеткіштері мен іске асыру мерзімдері де ерекшеленуге тиіс.

– Ғылыми гранттардың мерзімін ұзартумен қатар, жобалардың үздіксіз қаржыландырылуын қамтамасыз ету, зерттеу жұмыстарының мерзімін келісімшарт жасалған күннен бастап есептеу және ғылыми нәтижелерді бағалаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру маңызды. Ғылымға бөлінген қаржы ғана емес, ғалымға берілген уақыт та маңызды ресурс.

Сонымен қатар іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарын бөлек өткізуді қолдаймын. Себебі бұл екі бағыттың мақсаттары, зерттеу әдістері мен күтілетін нәтижелері әртүрлі. Іргелі зерттеулер жаңа ғылыми білім қалыптастыруға бағытталғандықтан, олардың нәтижесін алу үшін ұзақ уақыт қажет болуы мүмкін. Ал қолданбалы зерттеулер нақты өндірістік және технологиялық мәселелерді шешуге бағытталады. Сондықтан оларды бірдей талаптар мен бағалау өлшемдері бойынша қарастыру әрдайым тиімді бола бермейді. Конкурстарды бөлек ұйымдастыру әр бағыттың ерекшелігін ескеруге, ғылыми жобаларды әділ бағалауға және қаржыландырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп есептеймін, – дейді химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Гүлбану Жақсылықова.

Құрылтай депутаты Лаура Қарабасова ғалымдардың бас ауруына айналған гранттық қаржыландыру мерзімдерін ұлғайту туралы депутаттық сауалында мәселені шешудің бірнеше жолын ұсынды.

– Бюджетті сылтау ете алмаймыз. Себебі бес жылдық жобаның төртінші және бесінші жылына қажетті қаражатты кейінгі бюджеттік циклде жоспарлауға мүмкіндік бар. Яғни, ғылымды дамытуға заң да бар. Қаржы тетігі де бар. Құқықтық мүмкіндік те бар. Бірақ министрлік әлі де үш жылдық модельден бас тартпай отыр. Мәселе – мемлекеттік тапсырманы сапалы орындауда. Мәселе – нақты басқарушылық шешім шығаруда. Ғылымға уақыт бермей, одан үлкен нәтиже талап етуге болмайды. Сондықтан министрліктен 2027 жылдан бастап іргелі ғылыми жобалар бойынша 60 айлық гранттық қаржыландыру конкурсын өткізуді; іргелі ғылым үшін бес жылдық қаржыландыруды негізгі модель ретінде енгізуді және жобаның толық 60 айлық жоспары мен қаржыландыру көлемін бекітуді; төртінші және бесінші жылдарға қажетті шығыстарды кейінгі бюджеттік циклдерде алдын ала жоспарлау тетігін енгізуді; жалпы қолданбалы және іргелі зерттеулерді гранттық қаржыландыру конкурстарын бөлек өткізуді ұсынамын, – деді.

Ғалымдарға толыққанды зерттеу жүргізуге уақыт бермейінше, олардан ел экономикасы мен болашағына серпін беретін ірі жаңалықтар мен фундаменталды нәтижелерді талап ету – бос әурешілік. Бүтінде Құрылтайдан бастап ғылыми ортаға дейін көтеріліп жатқан бұл мәселе тек әкімшілік мерзімді ұзарту емес, отандық ғылымның сапалық деңгейге көтерілуін айқындайтын басты шарт. Егер ғылымды қаржыландыру тетіктері қайта қаралып, іргелі зерттеулерге толық бес жылдық мүмкіндік берілмесе, миллиондаған қаржы бөлінгенімен, қағаз бетіндегі есептер мен үстірт мақалалардан әрі аса алмаймыз. Ел дамуына өрелі үлес қосатын шынайы ғылыми серпіліс – уақытпен санаспайтын ізденіс пен түрақты қолдау бар жерде ғана туады.

Бетті дайындаған А.БИМЕНДІ

Үнсіз басталатын ДЕРТ

СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІН ЕРТЕ АНЫҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІ – ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ТӨНЕТІН ӨЗЕКТІ ҚАУІПТЕРДІҢ БІРІ. АУРУДЫ ЕРТЕ КЕЗЕҢДЕ АНЫҚТАУ ЕМНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРЫП, НАУҚАСТЫҢ ӨМІРІН САҚТАП ҚАЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. АЛАЙДА АУРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІН ЕЛЕМЕУ, ДӘРІГЕРГЕ ҚАРАЛУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРУЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ ОНЫҢ ДЕР КЕЗІНДЕ АНЫҚТАЛУЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРУІ МҮМКІН. СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІНІҢ ДАМУ СЕБЕПТЕРІ ҚАНДАЙ, КІМДЕР ҚАУІП ТОБЫНА ЖАТАДЫ ЖӘНЕ АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Әсел ӘНУАРБЕК

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, 2024 жылы әлемде шамамен 2,4 миллион әйелге сүт безі қатерлі ісігі диагнозы қойылған. Қазақстанда да бұл дерт өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Елімізде жыл сайын 5 мыңнан астам әйелден сүт безі қатерлі ісігі анықталады. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сәйкес, 2025 жылы 5 743 жаңа жағдай тіркелген. Бұл көрсеткіш аурудың алдын алу, халықтың медициналық сауаттылығын арттыру және скринингтің маңызын кеңінен түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажеттігін аңғартады.

Осы орайда әлемде қазан айы сүт безі қатерлі ісігі туралы хабарландыруды арттыруға арналады. Бұл кезеңде ауруды ерте анықтаудың маңызы, тұрақты тексеруден өтудің қажеттілігі және емделушілерге қолдау көрсету мәселелері кеңінен насихатталады. Өйткені дертті дер кезінде анықтау емдеу мүмкіндіктерін арттырып, әйелдердің өмірі мен денсаулығын сақтауға ықпал етеді.

КІМДЕР ҚАУІП ТОБЫНА ЖАТАДЫ?

Мамандардың айтуынша, сүт безі қатерлі ісігінің даму қаупі жас ұлғайған сайын арта түседі. Әсіресе, 50 жастан асқан әйелдер арасында бұл дерт жиірек кездеседі. Сонымен қатар жақын туыстары – анасы, әпкесі немесе қызы сүт безі қатерлі ісігіне шалдыққан әйелдердің де ауруға ұшырау ықтималдығы жоғары болуы мүмкін. Бұған қоса, BRCA1 және BRCA2 гендеріндегі тұқым қуалайтын мутациялар қатерлі ісіктің даму қаупін арттыратын маңызды факторлардың қатарына жатады.

Аурудың туындауына себепкер болатын өзге жайттар да жоқ емес. Мәселен, етеккірдің ерте басталуы, менопаузаның кеш келуі, алғашқы жүктіліктің салыстырмалы түрде кеш жаста болуы, бала емізбеу, менопаузадан кейін артық салмақ қосу, алкоголь тұтыну және дене белсенділігінің төмендігі де сүт безі қатерлі ісігінің басталуына себеп болуы мүмкін. Кейбір гормондық препараттарды ұзақ уақыт қолдану да аурудың өршуіне ықпал етеді. Сондықтан мұндай дәрілерді қабылдау мәселесін дәрігермен алдын ала талқылаған жөн.

Дегенмен қауіп факторларының болуы міндетті түрде қатерлі ісікке әкелмейтіні сияқты, олардың болмауы да аурудан толық қорғай алмайды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, сүт безі қатерлі ісігінің көптеген жағдайы белгілі қауіп факторлары анықталмаған әйелдерде де кездеседі. Сондықтан отбасында онкологиялық аурумен ауырған адам болмаса да, денсаулыққа мұқият қарап, сүт безіндегі өзгерістерге назар аудару және жоспарлы скринингтен уақытылы өту маңызды.

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Сүт безі қатерлі ісігінің алдын алуға кепілдік беретін әмбебап әдіс жоқ. Дегенмен кейбір әдеттер аурудың даму қаупін төмендетуге көмектеседі. Мамандар дене салмағын қалыпты ұстауға, тұрақты дене белсенділігіне, алкогольден бас тартуға немесе оны тұтынуды шектеуге және темекі шекпеуге кеңес береді. Ал гормондық препараттарды қабылдау қажет болса, олардың пайдасы мен ықтимал қаупін дәрігермен талқылаған абзал.

Сондай-ақ сүт безінің қалыпты күйін біліп, ондағы өзгерістерге назар аудару маңызды. Түйіннің пайда болуы, сүт безінің пішіні немесе көлемінің өзгеруі, терінің тартылуы не қызаруы, емізіктің ішке қарай тартылуы немесе одан бөлінді шығуы байқалса, дәрігерге қаралу қажет. Мұндай белгілердің бәрі бірдей қатерлі ісікті білдірмейді, алайда олардың нақты себебін мамандар ғана анықтайды.

Ақ халаттылардың түсіндіруінше, дертті ерте анықтаудың маңызды жолдарының бірі – жоспарлы скринингтен өз уақытында өту. Маммография сүт безіндегі кейбір өзгерістерді қолға білінетін түйін пайда болмай тұрып анықтауға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, Қазақстанда сүт безі қатерлі ісігін ерте анықтауға арналған ұлттық скрининг бағдарламасы 2008 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама аясында осы уақытқа дейін 19 мыңнан астам жағдай ерте сатысында анықталған. Қолда бар мәліметке сәйкес, 40 пен 76 жас аралығындағы әйелдер маммографиядан тегін өте алады. Скринингтің қолжетімділігін арттыру мақсатында шалғай елді мекендерде де тексерулер ұйымдастырылады. Бұған қоса, бірнеше өңірде пилоттық жоба аясында жылжымалы медициналық кешендер жұмыс істейді. Олар маммография, ультрадыбыстық зерттеу және компьютерлік томография аппараттарымен, сондай-ақ зертханалық жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Ауру ерте сатысында анықталса, емдеу мүмкіндігі артып, кей жағдайда сүт безін сақтайтын операция жасауға болады. Сондықтан скринингті кейінге қалдырмай, белгіленген уақытта тексеруден өту маңызды. Ал сүт безінде күмәнді өзгерістер байқалса, жоспарлы тексеру күнін күтпей, дәрігерге жүгіну қажет.

Сүт безі қатерлі ісігіне қарсы күресте ең маңыздысы – денсаулыққа жауапкершілікпен қарау. Өзгерістерді дер кезінде байқау, медициналық көмекке уақытылы жүгіну және скринингтен өту ауруды ерте анықтап, емді кешіктірмей бастауға мүмкіндік береді.



Мамандардың айтуынша, сүт безі қатерлі ісігінің даму қаупі жас ұлғайған сайын арта түседі. Әсіресе, 50 жастан асқан әйелдер арасында бұл дерт жиірек кездеседі. Сонымен қатар жақын туыстары – анасы, әпкесі немесе қызы сүт безі қатерлі ісігіне шалдыққан әйелдердің де ауруға ұшырау ықтималдығы жоғары болуы мүмкін. Бұған қоса, BRCA1 және BRCA2 гендеріндегі тұқым қуалайтын мутациялар қатерлі ісіктің даму қаупін арттыратын маңызды факторлардың қатарына жатады.

«СКРИНИНГТЕН ӨТПЕСЕМ, МӘН БЕРМЕС ТЕ ЕДІМ»: СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІМЕН КҮРЕС ЖОЛЫ

Сүт безі қатерлі ісігі әрдайым ауырсыну немесе айқын белгілер арқылы байқала бермейді. Кейде денедегі болмашы өзгерістерге мән бермеу ауруды дер кезінде анықтауға кедергі келтіруі мүмкін. Қазақстандық Татьяна Сыроватскаяның оқиғасы жоспарлы скринингтің маңызын және денсаулыққа жауапкершілікпен қарау қажеттігінің айқын дәлелі. Ол сүт безінен кішкентай түйін байқаса да, бастапқыда оған алаңдамаған. Ал маусым айында жоспарлы скринингтен өту кезінде жасалған маммография сүт безінен күмәнді түзілісті анықтады. Қосымша тексерулерден кейін дәрігерлер оған сүт безі қатерлі ісігінің II сатысы диагнозын қойды.

Татьяна скринингтен өтпегенде, дәрігерге қаралуды кейінге қалдыруы мүмкін екенін айтады. Оның сөзінше, диагноз қойылғаннан кейін емделу жолын таңдап, алдағы қиындықтарға дайындалуға тура келген.

«Скринингтен өтпегенімде, бәлкім, бұл жағдайға мән бермес те едім. Қыс мезгілінде сүт безімде кішкентай түйін бар екенін байқадым. Бірақ жақын туыстарымның арасында онкологиялық ауруға шалдыққан ешкім болмағандықтан, мұндай диагноз туралы ойламадым», – дейді Татьяна Сыроватская.

Ұлттық ғылыми онкология орталығының мамандары ісіктің ерекшеліктерін, соның ішінде иммуногистохимиялық зерттеу нәтижелерін бағалап, емдеу тактикасын белгіледі. Татьянаға сүт безін алып тастау операциясы жасалды. Сол операция барысында имплант көмегімен сүт безінің пішіні де қалпына келтірілді. Осылайша, хирургтер ісікті алып тастап, бір мезгілде реконструкциялық операция жүргізді.

Татьяна операция түрін таңдау кезінде сүт безін толық алып тастауға шешім қабылдағанын айтады. Бастапқы зерттеу нәтижелері бойынша ісіктің агрессивтілігі 50 пайыз деп бағаланған. Алайда операциядан кейінгі гистологиялық зерттеу оның бұдан да жоғары екенін көрсетті.

– Дәрігерлер сүт безін ішінара немесе толық алып тастауды ұсынды. Мен толық алып тастаған дұрыс деп шештім. Өйткені зерттеу нәтижесінде ісіктің агрессивтілігі 50 пайыз деп көрсетілген еді. Ал операциядан кейінгі гистологиялық зерттеу оның 70-80 пайызға жететінін анықтады. Дәрігерлермен кеңесіп, сүт безін алып тастаумен қатар, бірден имплант орнатуды сұрадым. Операция 16 қыркүйекте өтті, қазір жағдайым жақсы, – дейді ол.

Операциядан кейінгі зерттеу нәтижелеріне сәйкес, дәрігерлер Татьянаға химиотерапиядан өтуді ұсынған. Қазір ол емнің келесі кезеңіне дайындалып жатыр. Кейіпкер емдеу кезінде белгілі бір қиындықтар болуы мүмкін екенін түсінсе де, ауруды жеңуге деген сенімін жоғалтпаған.

– Мен бұл аурудың емделетінін, одан айығуға болатынын түсінемін. Әрине, емдеу барысында біраз қиындыққа төзуге тура келеді. Химиотерапия кезінде жүрек айнуы, тәбеттің төмендеуі, шаштың түсуі сияқты жанама әсерлер болуы мүмкін екенін білемін. Бірақ мұның бәрі уақытша қиындықтар деп ойлаймын. Ең бастысы – емді толық аяқтап, денсаулығымды қалпына келтіру, – дейді Татьяна Сыроватская.

Ол өз тәжірибесі арқылы басқа әйелдерге де үндеу тастайды: жоспарлы скринингтен уақытылы өтіп, сүт безіндегі өзгерістерді елеусіз қалдырмау қажет.

Бұл оқиға сүт безіндегі өзгерістердің ауырсынусыз да байқалуы мүмкін екенін еске салады. Сондай-ақ отбасында онкологиялық аурулардың болмауы қатерлі ісік қаупін толық жоққа шығармайды. Сондықтан жоспарлы тексерулерден уақытылы өтіп, күмәнді белгілер байқалған жағдайда дәрігерге жүгіну маңызды.

СҮТ БЕЗІ ҚАТЕРЛІ ІСІГІН ЕМДЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР ҚАНДАЙ?

Бүгінде сүт безі қатерлі ісігін емдеу тек ісікті алып тастаумен шектелмейді. Заманауи медицинаның мүмкіндіктері дәрігерлерге аурумен тиімді күресіп қана қоймай, әйелдердің өмір сапасын сақтауға да жол ашып отыр. Қазіргі хирургияның негізгі мақсаты – қатерлі ісікті қауіпсіз алып тастау, мүмкіндік болса сүт безін сақтап қалу, ал оны толық алып тастау қажет болған жағдайда пішінін қалпына келтіру және операциядан кейінгі асқынулардың қаупін азайту.

Ұлттық ғылыми онкология орталығында әр науқастың емдеу тактикасын бірнеше сала маманынан құралған мультидисциплинарлық топ белгілейді. Дәрігерлер ісіктің сатысы мен көлемін, биологиялық ерекшеліктерін және науқастың жалпы жағдайын ескере отырып, емдеудің оңтайлы тәсілін таңдайды. Аурудың сипаты мүмкіндік берсе, сүт безін сақтайтын операция жасалады. Ал сүт безін толық алып тастау қажет болған жағдайда оның пішінін имплант көмегімен қалпына келтіруге болады. Мұндай реконструкциялық операция сүт безін алып тастаумен бір мезгілде немесе кейінгі кезеңде жүргізіледі.

Ұлттық ғылыми онкология орталығының онкомаммолог дәрігері Айбек Садықовтың айтуынша, сүт безін сақтау немесе оны қалпына келтіру туралы шешім әр науқастың жағдайына қарай қабылданады. Әсіресе, ісіктің биологиялық ерекшеліктері мен агрессивтілігі операция түрін таңдауда маңызды рөл атқарады.

«Сүт безінің қатерлі ісігі анықталған жағдайда оны міндетті түрде толық алып тастау қажет емес. Ісіктің көлемі мен биологиялық ерекшеліктеріне қарай сүт безін сақтайтын операциялар да жасалады. Қажет болған жағдайда реконструкциялық және пластикалық операциялар арқылы оның пішінін қалпына келтіріп, имплант орнатуға болады. Алайда имплант қою мүмкіндігі ісіктің агрессивтілігіне де байланысты. Сондықтан әр науқасқа жеке тәсіл қолданылады», – дейді Айбек Садықов.

Хирургиядағы маңызды міндеттердің бірі – операциядан кейінгі асқынулардың алдын алу. Мәселен, қолтық астындағы лимфа түйіндерін кең көлемде алып тастау кейбір науқастарда қолдың созылмалы ісінуіне, яғни лимфедеманың дамуына әкелуі мүмкін. Оның алдын алуға көмектесетін әдістердің бірі – күзетші лимфа түйіндерінің биопсиясы. Бұл тәсіл Ұлттық ғылыми онкология орталығында да қолданылады.

Айбек Садықовтың сөзінше, қазіргі емдеу хаттамалары бойынша қолтық астындағы лимфа түйіндерін толық алып тастау барлық науқасқа бірдей қолданылмайды. Операция көлемі лимфа түйіндеріндегі қатерлі жасушалардың бар-жоғына және басқа да клиникалық көрсеткіштерге қарай анықталады.

«Бұрын қолтық астындағы лимфа түйіндерін толық алып тастайтынбыз. Қазір күзетші лимфа түйіндерінің биопсиясы әдісі қолданылады. Операция кезінде қатерлі ісік жасушаларының бар-жоғын анықтау үшін алдымен осы түйіндер тексеріледі. Егер бірнеше лимфа түйінінен қатерлі жасушалар табылса, оларды толық алып тастау мәселесі қарастырылады. Мұның бәрі науқастың жеке жағдайына байланысты шешіледі», – деп түсіндірді онкомаммолог.

Ұлттық ғылыми онкология орталығының мәліметінше, кейінгі алты айда сүт безі қатерлі ісігіне шалдыққан 143 пациентке хирургиялық ем жүргізілген. Олардың 121-іне күзетші лимфа түйіндерінің биопсиясы жасалған. Бұл деректер емдеу кезінде ісікті алып тастаумен қатар, операцияның науқастың кейінгі өмір сапасына әсерін де ескерудің маңызын көрсетеді.

Сүт безі қатерлі ісігін емдеуде ескерілетін тағы бір маңызды мәселе – әйелдердің болашақта ана болу мүмкіндігі. Кейбір емдеу тәсілдері ұрпақ өрбіту қабілетіне әсер етуі мүмкін болғандықтан, бала сүюді жоспарлаған әйелдерге ем басталғанға дейін репродуктологпен кеңесу ұсынылады.

– Ем басталғанға дейін аналық жасушаларды репродуктологтың көмегімен алып, арнайы банкте сақтауға мүмкіндік бар. Ем толық аяқталғаннан кейін балалы болу мүмкіндігін маманмен бірге қарастыруға болады, – дейді Айбек Садықов.

Осылайша, сүт безі қатерлі ісігін емдеудегі заманауи тәсілдер аурумен күресумен қатар, әйелдердің өмір сапасын сақтауға, операциядан кейінгі асқынулардың қаупін азайтуға және болашаққа қатысты жоспарларын ескеруге мүмкіндік береді.

P.S:

Бір сөзбен айтқанда, сүт безі қатерлі ісігіне қарсы күрес қорқыныштан емес, ақпараттан, үмітсіздіктен емес, дер кезінде жасалған қадамнан басталуы керек. Ауру туралы ашық айту, оның алғашқы белгілері мен қауіп факторлары жөнінде хабардар болу, жоспарлы скринингтің маңызын түсіну әйелдердің өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді. Қатерлі ісік диагнозы әрдайым үміттің үзілуін білдірмейді. Бүтінде медицинаның дамуы ауруды анықтау мен емдеудің жаңа мүмкіндіктерін ұсынып, науқастардың өмір сапасын сақтауға жол ашып отыр.
Сондықтан денсаулыққа бейжай қарамай, жоспарлы тексерулерден уақытылы өту, сүт безіндегі кез келген өзгерісті елеусіз қалдырмай, күмән туындаған жағдайда дәрігерге жүгіну маңызды. Өйткені ауруды ерте анықтау емді дер кезінде бастауға және ем нәтижесін жақсартуға мүмкіндік береді. Кейде денсаулыққа көңіл бөлуден басталған бір ғана қадам адамның болашағына үлкен өзгеріс әкелуі мүмкін. Өз денсаулығыңа қамқорлық жасау – қорқынышқа берілмей, өмірді таңдаудың маңызды жолы.

● ЖЕМІСТІ ЖЕТІ ЖЫЛ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП: мемлекеттік саясаттың өзегі



Басы 1-бетте

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ІРГЕТАСЫ

2022 жылғы конституциялық реформалар мемлекеттік билік жүйесін жаңғыртуға жол ашты. Парламенттің рөлі күшейтіліп, сайлау жүйесі өзгерді, азаматтардың саяси үдеріске қатысу мүмкіндігі кеңейді. Ең елеулі жаңалықтардың бірі – 2023 жылғы 1 қаңтардан Конституциялық Соттың жұмысын бастауы. Енді азаматтар өздерінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеру үшін осы органға жүгіне алады. Бұл құқықты қорғаудың жаңа институционалдық тетігін қалыптастырды.

Сот төрелігін жаңарту да назардан тыс қалған жоқ. Әкімшілік әділет жүйесі мемлекеттік орган мен азамат арасындағы дауда адамның құқығын тиімді қорғауға бағытталды. Қылмыстық процестің үш буынды моделі полиция, прокуратура және сот өкілеттіктерінің аражігін нақтылауға мүмкіндік берді. Өткен жылдан жұмыс істей бастаған дербес кассациялық соттар сот актілерін қайта қарау мүмкіндігін кеңейтті. Мұндай өзгерістердің түпкі мәні – мемлекеттік шешімнің заңдылығын тексеру және әділ сотқа сенімді арттыру.

АДАМ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ ӨЛШЕМ

Құқықтық реформалардың қоғам үшін ең сезімтал бағыттарының бірі – әйелдер мен балалардың қауіпсіздігі. 2024 жылғы 15 сәуірде қабылданған заң түрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы жауапкершілікті күшейтті. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру мен ұрып-соғу үшін қылмыстық жауаптылық енгізіліп, тиісті нормалар 16 маусымнан қолданыла бастады. Бұл отбасындағы зорлық-зомбылықты «жеке мәселе» деп елемеуге болмайтынын құқықтық деңгейде бекітті.

ҚЫЛМЫС АЗАЙЫП, АЛДЫН АЛУ КҮШЕЙДІ

Қоғамдық қауіпсіздіктегі өзгерістер нақты статистикадан көрінеді. Мемлекет басшысының құқық қорғау органдары алқасында келтірген мәліметіне сәйкес, 2019 жылдан бері қылмыстық құқық бұзушылықтар саны шамамен екі есе азайған. Қарақшылық, тонау, ұрлық пен бұзақылық деңгейі төрт есе төмендеп, кісі өлтіруге қатысты қылмыстар 30 пайызға кеміген. Қоғамдық орындардағы қылмыс санының 80 пайызға азаюы да ұзақмерзімді үрдісті сипаттайды.

Үкіметтің 2026 жылғы тамыздағы шолуына сәйкес, 2025 жылы тіркелген қылмыстар 102,7 мыңнан 96,6 мыңға дейін, яғни 6 пайызға қысқарды. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жалпы қылмыс деңгейі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда тағы 10 пайызға төмендеді. Қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар 2025 жылы 9 пайызға, ал биылғы жылдың алғашқы алты айында 19 пайызға азайды. Бұл әртүрлі кезеңдерге қатысты салыстырмалы көрсеткіштер екенін ескерген жөн.

Құқық қорғау органдарының қызметі қылмыс жасалғаннан кейін әрекет ету тәсілінен оның алдын алуға көбірек бағдарланып келеді. Көшелердегі, аулалардағы, мектептер мен көлік тораптарындағы бейнебақылау, цифрлық талдау және автоматтандырылған сервистер қауіп-қатерді ертерек анықтауға көмектеседі. Сонымен бірге цифрлық құралдарды қолдану жеке өмірдің құпиялылығы мен дербес деректерді қорғау талаптарымен қатар жүруге тиіс.

ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЖАҢА ЖАУАП

Үкіметтің 2026 жылғы қазандағы мәліметінде кейінгі үш жылда интернет-алаяқтық саны 40 пайызға азайғаны айтылған. 2026 жылдың басынан бергі есептік кезеңде 14 414 жағдай тіркеліп, жәбірленушілерге 5,9 млрд теңге өтелген. Бұл бағытта құқықтық сауат пен қаржылық сақтықты күшейту маңызды.

«Заң мен тәртіп» қағидатының тағы бір қыры – қоғамның ортақ ережеге құрметі. Қоғамдық орындардың тазалығы, жолдағы жауапкершілік, өзгенің құқығын сыйлау және құқық бұзушылыққа немқұрайды қарамау – құқықтық мәдениеттің күнделікті көрінісі.

Наурызбек САРША

ҚАЗАҚ САЯСИ САНАСЫНДА «РЕСПУБЛИКА» СӨЗІ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ОРНЫҚТЫ. ӘРИНЕ, МҰНЫ КЕЙІН БОЛЬШЕВИКТІК БИЛІК ӨЗ ТАЛҒАМ-ӨЛШЕМІНЕ ЖАҚЫНДАТТЫ. СОҒАН ҚАРАМАЙ 1920-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҮЛТ БАСПАСӨЗІ ОНЫ «ОҢАША ОТАУ» ДЕП ТҮСІНДІРГЕНІН ДЕ БАЙҚАЙМЫЗ. БІРАҚ ОЛ ШЫН МӘНІНДЕ ҚАНДАЙ ОТАУ БОЛҒАНЫН ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ КӨРСЕТТІ



Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,
Құрылтай депутаты,
ҚР ҰҒА академигі



КӘМІЛДІК КЕЗЕҢІ

Республика – латынша «ортақ іс» мағынасын меңзейді. Тура Алаштың «жұрт ісі» ұғымының баламасы.

1990 жыл 25 қазан. Біріміз ойда, біріміз қырда жүрдік. Үшіншіміз яки сол кезде әлемге жасындай танылған қазақ Тоқтар Әубәкіров ғарыштан қара жерге абыроймен түскеніне он-ақ күн болған.

Егемендік декларациясы жарияланған күн. Одақ жаңарамын дегенде, қайраткерлер ойы сан саққа бөлінді. Өткенді қимайтындар, енші алудан гөрі селбесіп жүруді оңай көретіндер қарасы көп. Балтық бойы бағытын айқындап алған. Украин жұрты абадандап тұр. Кавказ республикалары да оң аяқпен азаттық асуына қадам басқан. КСРО-ның қысылған халқы күнде тікелей эфирден көрсетілетін одақтық Жоғарғы кеңестің кеңірдек жыртысқан жиынынан шаршаған... Иә, тарих сахнасына легитимсіз келген большевизм-социализм билігінің күні батып бара жатты. Бірақ соңғы «түяқ серпуі» жеңіл өтті деуге де келмес.

Қиын да жауапты кезеңде үлт оқығандары, қайраткерлері, зиялылары Азаттықтың негізін заңмен де, кісілік ұстаныммен де қалады. Қазақ қоғамы буырқанып бұрсанды. Білік, білім, тәжірибе алға шықты. Алпыс екі тамыр бүлкілдеп, миллиондардың жүрегі «Ел! Жер!» деп соқты. Намыстың деңгейі ештеңемен өлшенбайтін шақ еді. Өйткені оның қызуы бізге балға мен орақ дәуірі үйреткен домна пешіндей мың градуста бүрк-сарқ қайнап жатты.

Сол кезеңдегі тұрлаулы тарихтың куәсі, бәлкім, тиянағы – Қазақ КСР-ның Мемлекеттік егемендігі декларациясы.

Бүгінгі ұрпаққа үлт ныспысы түсінікті, ал «КСР» (кеңестік социалистік республикасы) түсініксіздеу. Әрине, талаптысы парқын біледі. Бірақ халық та, жұрт жақсылары да қаламаған сол «КСР» қысқарған сөзі мен ел аңсаған «мемлекеттік егемендік» ұғымының өзі – қорғасын қара бұлттан шыққан күнді елестетті. Бұл – «мың өліп, мың тірілген» қазақ азаттығының рәмізді күні еді.

Енді өзіміз үшін аббревиатурадан арашалап алған «Мемлекеттік егемендік декларациясы» құжатына үңілейік.

«2. Қазақ ССР-і үлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады...

3. Қазіргі шекарасындағы Қазақ ССР-інің территориясы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз пайдалануға болмайды».

Осы заңдық ұғымдар мен сөздердің құжатқа жүйелі түсуі, оның Жоғарғы кеңесте (парламент) талқыланып бекітілуі – сол кез үшін аса ауыр тасты өрге дөңгелетіп шығарғанмен бірдей еді. Мұны елдік еңбек десек жарасады.

Декларацияның кіріспесіндегі «...Қазақ үлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып, ізгілікті демократиялық праволық мемлекетті құруға бел байлауды негізге ала отырып...» деген жолдар саясатта, қоғамда жаңа кезең басталғанын жариялады.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев төрт жыл бұрын тарихи Ұлытауда өткен Үлттық құрылтайда: «Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек!» деп, 25 қазанға үлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынуы халық көңілінен шықты.

Президенттің мемлекет құру жолындағы «тарихи қадамның рәмізі» деуінің жөні бар. Бұл тұжырымның сан ғасырлық елдік-мемлекеттілік жолымызды, күресімізді, шежіремізді зерделеуге жұмылдыратын қуаты айқын. Ұлы дала төсіндегі мемлекеттілік құрылымдар, қазақ халқының генеологиялық береке-бірлігін құраған, тарихта аты таңбаланып қалған мемлекеттер, байырғы қағандар мен хандардың елшілдік жолы һәм жарғысы, Батыстың да, Шығыстың да дүйім жұртына сіңіп, дәулетін тасытқан ежелгі қандастарымыздың тағдыр-талайы, мортыққан патшалық империя мен большевизм бүлігі қирандысының астында қалмасын деп шарқ ұрған Алаш республикасы мен Түркістан мұхтарияты ізденісі – бәрі де Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқан «тарихи қадамның» мазмұнында тұр.

Бұл – біздің маңдайымызға басатын, пейіл-ниетіміздің ашықтығын көрсететін күн.

«Тәуелсіздік – мемлекеттігіміздің алтын діңгегі, дербестігіміздің берік негізі. Тарихы бай, тамыры терең Қазақ елі үшін бұдан асқан қастерлі құндылық жоқ. Оны ең қымбат қазынаға, ең асыл аманатқа балаймыз» деген Мемлекет басшысы сөзі – әділетті Қазақстанның әліппесіндей.

Әлемді терең текетірес пен дағдарыс буып тұрған күрделі кезеңде әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды қолға алған Президент мұның мәнін – «халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар барлық азаматтың мүддесін тең қорғау» деп түсіндірді.

Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейхан әр буынның мойнында тарих жүктейтін міндет барын қадап айтқан еді. Біз мұны ұмытпауға тиіспіз. Бүгінгі Қазақстанның жауапты азаматтарының міндеті – «саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңарту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген үлттың жаңа болмысын қалыптастыру». Бұйырса, нәсібеміз де осыдан қалыптаспақ.

Елдіктің ұстыны сынды бабаларымыз: «Ергенек болмаса, есік тұра ма? Еңбек болмаса, нәсіп тұра ма?» деген. Жаратқан ірге-міздің берік, еңбегіміздің жемісті болуын бұйыртты.

90-жылдардың экономикалық қиындықтары мен Тәуелсіздікті тұғырлы ету міндеті, соның ішінде тұңғыш Президенттің шекараны шегендеуі мен жаңа Астананы қалыптастырып өркендеткен еңбегі, 2000 жылдар басындағы шикізатқа негізделген экономика мен табиғи ресурстарды экспорттау табысы, түрлі сын-қатерлерге төтеп беру амалдары, 2010 жылдардағы қилы күрделі үдерістер, қоғамдық өрісте халық талабының, сынының артуы, саяси билік трансформациясының алғышарттары – бәрі ел парасатына, әлеумет мүддесіне жауапты болуды аңғартты.

Еліміз әлемдік, өңірлік һәм ішкі қауіп-қатерлерге байланысты дамудың жаңа кезеңін бастап, оның темірқазығына – Әділет ұғымын алғаны және 2022 жылы 16 наурызда саяси реформалар жария етіліп, содан бері кезең-кезеңмен жүзеге асырылып жатқаны – көз алдымызда.

Қазіргі замана шындығы, ғаламдық құбылыстар, айналамызды торыған сансыз аласапыран заманаға елдікті сақтап бейімделуді, құбыла соққан желді диірменге бағыттауды талап етеді. Абайдың «әділетке ерік-жігер, күш (шапқат) серік болуын» айтуы тегін емес. Осы екеуі бірігіп берекені, елшілдікті құрайды.

Әлемнің көшбасшы ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби «Мемлекет қайраткерінің нақылы» трактатында баянды қала-мемлекеттің үстыны болар бес әлеуметтік топты жүйелеген. Олар: игі жақсылар, сөз үстаған шешендер, ғалымдар, сақшылар, іс адамдары. Ең кереметі, ол қарапайым еңбекқорды да іс адамына жатқызады. Сондай-ақ адамзат үстазы қандай қала-мемлекеттер құрдымға кететінін анықтаған. Олар: сұраншақ қала, делдал қала, азғын қала, мансапқор қала, тойшыл қала, рия қала, екіұдай қала, адасқақ қала. Міне, ғұлама замандастарына да, келер ұрпаққа да осыдан сақтануды аманаттаған.

Біз қашанда үлт зиялылары айқындаған елшілдікке, яғни мемлекетшілдікке зәруміз. Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың: «Мемлекеттік қызмет жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған халқының алдында айрықша жауапкершілік арқалау» деген сындарлы сөзін барлық саланың мамандарына да қаратып айтуға болады.

Түсіне білсек, «Мемлекеттік егемендік декларациясы» азаттық пен мемлекетшілдік туралы ойдың ғана емес, істің іргетасын қалады.

Мемлекетшілдік – мемлекеттің асыл мүддесі жолында елге, халыққа қызмет. Ниеттің де, ойдың да, амалдың да, іс-әрекеттің де осыған бағытталуы. Мемлекет – Отанға қызмет етудің мәдениеті болса, мемлекетшілдік – осы мәдениеттің арқауы. Үлт, халық, адам құндылығы материалдық, саяси, экономикалық парықпен ғана өлшенбейтіндіктен, осы ұғымдарға тән рухани мән-мағына мемлекеттің де мазмұнында тұруы керек. Сонда көкейкесті мемлекетшілдік бұл ұғымдардың қалыпты тетігіне, құрамдас сипатына айналады.

Өкінішке қарай, бізде қоғам мен мемлекеттің арасы «кейде тату, кейде қату». Бұл – кеңестік биліктен қалған «комплекс». Яғни, «билік адамын қоғам мүшесі, ет пен сүйектен жаралған адам» деп түсінбеу, тіпті жат көру байқалып жатады. Өркениет әліппесіне қарасақ, мемлекет өзімен келісімі айқын қоғамнан тұратынын көреміз. Мұны қарапайым тілде тәпсірлесек, бұрқ-сарқ қайнаған қоғам мен әділетті мемлекет көп нәрсені, тіпті барлық іс-әрекетті бірлесіп атқарады. Мемлекет аспаннан аяғы салбырап түспейді, қоғам мен оның сенім білдірген өкілдерінің (биліктің) үйлесімінен пайда болады. Сөйтіп, екеуі бірлесіп, пікірлесіп қабылдаған заңға бағынады. Заң болмаса, заңсыздық орнығады. Билік заңның орындалуын қадағалайды. Мемлекет әліппесі – осы.

Жұрт кейде орайлы, кейде орайсыз сынайтын шенеунік – қоғамның оппоненті емес, қайта соның бір мүшесі. Оның мүддесі де қоғамнан бөлек болмауы керек. Кез келген мемлекеттік қызметкер бір мезгілде мемлекеттің де, қоғамның да мүддесін тең ойлап, тең қорғауы қажет. Оның кәсіби, лауазымдық беделі осымен өлшенеді. Әлеуметтің сұрағы: «Шенеуніктің мүддесі туған жерінің, қоғамның, елдің мүддесімен сәйкесе ме? Ол өзі қызмет ететін қала, аудан, ауыл тұрмысын жақсарту жолында не істеп жүр?» болса, бұл мемлекетшілдік ұстанымға сәйкес келеді.

Мемлекет басшысы айтқан: «Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері белсене араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады» деген пікірдің мәні сол. Әділетті Қазақстанның әліпбиі – осы.

Республика, ел ұғымдары айрықша айтылған кезеңде жұртшылық «Өткеннің тар жол, тайғақ кешуіне һәм азаттық жолындағы қиындықтарға баға берілді ме?» деп сұрап жатады.

Рас, бұл бағыттағы ынта-жігер 90-жылдары басталды. Белгілі қиындықтарға қарамай, сол уақыттағы тарихты түгендеу мен қорларында кешенді іздеу, жүйелеу, зерттеу жұмысын жүргізді. Әсіресе, заң талабымен құзырлы мемлекеттік органдармен бірлесіп, бұрын «жабық» саналған архив материалдарын құпиясыздандыруға, құрбандарды ақтауға байланысты қыруар іс атқарды. Мұның сыртында архив құжаттарын цифрландыру мен электронды қорларды жасақтау үдерісі қатар жүрді. Мұрағат бағытындағы ізденіс – өңірлер де том-том жинақ әзірлей бастады. Сол уақыттағы Мемлекеттік кеңесшілер Қ.Көшербаевтың, Е.Қариннің тиянақты үйлестіруімен, заңгер-ғалым С.Қасымов басқарған Жобалық офистегі тарихшы, заңгер т.б. білікті, кәсіби мамандардың ынта-жігерімен елеулі істер орындалды.

Халқымыздың тең жартысын мерт еткен трагедияға, яғни Аштық нәубетіне қатысты зерттеу-зерделеу жұмысын сол уақыттағы Парламент Сенатының Төрағасы, саясаттанушы-ғалым М.Әшімбаев бастаған халық қалаулылары мен ғалымдардан құралған топ кезең-кезеңмен жүзеге асырды. Нәтижесінде, қомақты көптомдық «Ашаршылық. Голод. 1928-1934» құжаттар жинағы сала мамандары мен кітапханаларға ұсынылды.

Мұның бәрі ортақ тарихи таным арқылы біртұтас үлттық сана қалыптастыруға бағытталған. Бұл – тәуелсіздік құндылықтарын бекемдейтін мемлекетшіл ізденістер мен жұмыстар. Үлтты сынаған саяси нәубет пен қасірет тағылымы қаншама жыл өтсе де бізді, яғни елді тұтастандыра түседі. Осынау жан жарасы посткеңестік кеңістікті біріктіреді, толғандырады. Мұны ақын Расул Ғамзатов «Жер бетінде нан – арзан, адам өмірі қымбат болсын!» деп бірауыз сөзге сыйдырыпты...

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде мемлекеттік комиссияның дәйекті, тыңғылықты жұмысының арқасында сол кездегі Мемлекеттік кеңесші Е.Қариннің бастамасымен, Президент архивінің қолдауымен, академик М.Қойгелдиев жетекшілігімен «Алашорда ісі» атты 12 томдық жинақ жарияланып, халық жадын жаңғыртар рәмізді қазынаға айналды.

Осы тұста бір жайтты ұмытпалық. Саяси қуғын-сүргін мен аштық құрбандарын зерттеу бағытында ғалымдар, ынталы зерттеушілер бұған дейін түк бітірмеді дей алмаймыз. Дара шауып ізденді, зерттеді, бірақ кешенді мемлекеттік көзқарас болмады. Бүгін ниет те, ұстаным да, парасат та бар. Таяу уақытта қалың оқырманға ұсынылатын 7 томдық жаңа академиялық «Қазақстан тарихы» да – осы өреде.

Естеріңізде болса, 1992 жылы ЮНЕСКО «Әлем жады» атты бағдарлама қабылдады. Біз ол шақта Тәуелсіздік алып, «онсыз да жадымыз жаңғырды» деп, бөркімізді аспанға атып жүргенбіз. Сол бағдарламада: «Құжатты мұра – әлем халықтары ұжымдық жадының



Біз Тәуелсіздікті саяси-танымдық ұғым, атаулы күн, тарихи құбылыс ретінде айтқанда, 25 қазан – Егемендік туралы декларацияны жариялаған Республика күнін темірқазық етіп аламыз. Осы рәмізді белестің қайта жанданып, өз тұғырына қонуы – тарихи һәм адами әділеттіліктің көрінісі еді.

құжаты. Осы арқылы адамзат қоғамындағы ақыл-ойдың, жаңалықтардың, жетістіктердің, түрлі қиындықтардың эволюциясын білеміз» деп жазылғанды. Былай қарағанда, бәрі түсінікті, өркениетті. Алайда бүгінгі қайсыбір елдердің пейілі жады жадағайландырып жатқандай...

Әлем тоңып секіргендер мен тойып секіргендерден тұрады. Жүрегі жаралы елдер Тарихи жад институтын құрады. Арылу мен тәубаның өркениетті жолын салаландырады. Бұл – әділеттілік қадамы. Қазіргі көп бастама халық қамы мен тарих қамы екенін көзі қарақты азаматтар түсінеді.

Жалпы, тарихи жадты қалыптайтын төрт тетік – архив, кітапхана, музей, ақпарат құралдары. Қиын кезеңнің шындығы осында лайықты көрсетіліп, парасатпен байыпталады. Президент Үлттық құрылтай алдына үш міндетті, нақты айтсақ: 1) жалпыүлттық бірлікті нығайтуды, 2) реформалардың мән-маңызын халыққа түсіндіруді, 3) жаңа технологиялар арқылы халықты ауқымды реформаларға қатыстыру міндетін қойып, бес жылға жуық аралықта оның орындалуына себепші болды. Ұлытау, Түркістан, Атырау (Сарайшық), Көкшетау (Бурабай), Қызылордада (Ақмешіт) өткен елдік жиындардың нәтижесі – сөзімізге дәлел.

Енді сіз бен біз куә болып, тіпті қоғам мүшесі ретінде түрлі деңгейде ішінде жүру бүйырған, араласқан, ой бөліскен, тіпті атсалысқан реформаларға келейік. Бірінші, тұңғыш рет жалпыүлттық референдум өтіп, конституциялық реформа қоғамның сұранысы негізінде басталды. Қаншама елдік маңызы бар заңға өзгеріс пен толықтыру енді. Екінші, жаңа саяси реформаның ізашары ретінде Президент 7 жылдық мерзімге бір рет сайланды. Құрылтай мен мәслихаттарды сайлау тәртібі жаңарып, олардың өкілеттігі артты. Партияларды тіркеу жеңілдетілді. Конституциялық сот құрылып, заңдық қызметін бастады. Үшінші, мемлекеттік институттар жүйесі қайта құрылды. Президент, Құрылтай сайлауы жаңа арнада өтті. Биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығын сақтау мақсатында Вице-Президент лауазымы енгізілді. Қоғамның барлық сұранымын қанағаттандыратын кеңесші орган, пайдалы ой-пікір, жалпыүлттық ұсыныс алаңы – Халық Кеңесі жасақталды.

Құрылтай – өрелі тарихи дәстүрге табан тіреп, жасампаз бірлік тепе-теңдігін сақтап, саяси реформалардың құқықтық негіздерін бекемдеп, алға қадам басқан жаңашыл заң шығарушы билік.

Халық Кеңесі – қоғам бірлігін нығайтып, халықтың мүддесімен сәйкесетін сындарлы идеяларды көтеру, жүйелеу, іске асыру үшін құрылған диалог алаңы. Саяси тұрғыдан ол – елеулі кеңесші құрылым. Ел және әлем даналығы, тәжірибесі. Саяси мектеп те, адами мектеп те – осының қайнарында.

Мемлекет басшысы Ұлытау биігінен: «Біз – тарихтан тағылым ала білген халықпыз» деп, біршама уақыт ұмытылған Егемендік декларациясын қабылдаған күнді саяси деңгейде ақтау мен ұлықтау арқылы заманауи қоғамның үйысу мен сепілу негізін, құндылығын дөп көрсетті.

Біз Тәуелсіздікті саяси-танымдық ұғым, атаулы күн, тарихи құбылыс ретінде айтқанда, 25 қазан – Егемендік туралы декларацияны жариялаған Республика күнін темірқазық етіп аламыз. Осы рәмізді белестің қайта жанданып, өз тұғырына қонуы – тарихи һәм адами әділеттіліктің көрінісі еді. Басқа – басқа, мың өліп, мың тірілген үлтымыз үшін адам құқының яки қақының орны бөлек. Оның негізін – қадір-қасиет пен теңдік ұғымы құрайды. Әділеттен қағылып, қорланғанда халық даналары: «Қарнымның ашқанына емес, қадірімнің қашқанына жылаймын» деген. Ал теңсіздікке «Кеңесті жерде кемдік жоқ, Кеңессіз жерде теңдік жоқ» деп, нақты баға берген.

Әлі есімізде, 80-жылдары ілуде бір батыл зиялы БҰҰ Жарғысындағы «Үлттар теңдігі және өзін-өзі басқару қағидатын» алға тартып, мінберден кібіртіктеп қана сөйлегенін көргенбіз. Осы ойды хатқа түсіріп, пікірі үшін азап шеккен бірлі-жарым азаматтың ауыр тағдыры тарихта қатталған.

Саяси егемендікке дейін, ғасырлар бойы әлемнің оразды үлттары секілді біздің де этникалық санамызда еркіндік, өзгені сыйлау, кісіні алаламау, төзімділік, әділдік, жауапкершілік т.б. секілді жалпы азаттық ұғымының басты шарттары қалыптасып орнықты. Тіпті сыннан өтті десе де болады.

Демократияның жаһандық үстын-түлғалары айтқан «Туа бітті еркін, тең, тәуелсіз адам өзінің келісімінсіз біреуге басыбайлы бағына алмайды» деген даналық барша елге бағышталғаны ақиқат. Немесе Францияның әділет, сот ғимараттары қабырғасындағы «Азаматтың және елдің құқы – еркіндік, меншікке қол тигізбеу, қауіпсіздік, езуге қарсылық» деп алтын әріппен жазылған нақыл – егемендіктің айнымас заңы. Бұл – ауа жайылудың шарты емес, Еуропа ғұламалары айтқандай, «Еркіндік дегеніміз – өз-өзіңді басқару».

Ұлт үстазы Ахмет Байтұрсынұлы жұрт кемелдігімен, парасат кәмілдігімен ғана үстап тұратын елдіктің парқын бірауыз сөзге сыйдырыпты: «Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ». Мұны – көзі ашық, жауапты азаматтарды қайрау, жақсылықты аңсау деген дұрыс.

Тарихтан жасампаздық істерді іздеу қажеттігін айтқан Президент Қ.К.Тоқаев әділеттікті алға тартып, саяси реформаларды сәтімен жүзеге асырып, ел мен қоғамды тұтастандыратын құндылықтарды күн тәртібіне шығарып отыр.


Өндіріс-өнеркәсіпте де, әлеуметтік-экономикада ілгерілеу бар. 1 мыңнан аса өнеркәсіп жобасы іске қосылды. Жеңіл көліктер мен ауыл шаруашылығы көліктерін шығаратын зауыттар ашылды. Шикізатты терең өңдеу жолға қойылды. Экономикамыз 6,2 пайызға өсті. Кейінгі 7 жылда 761 мектеп, 345 балабақша, 536 спорт, 312 мәдениет нысаны пайдалануға берілді. Еліміздің халықаралық абыройы елеулі инвестиция тартуға мүмкіндік туғызды.

Биыл рефендумда біз халық болып жұмылып, жаңа Конституцияны қабылдадық. Оның кіріспесінде де, өн бойында да тарихи сабақтастық, азаттық мәртебесі, егемендік пен территориялық тұтастық, озық ойлы үлт қалыптастыру жолындағы білім, ғылым, инновация құндылықтары, зайырлылық пен зияткерлік, азаматтарымыздың құқы мен еркіндігін қорғау мемлекетшілдік өзек ретінде көрініс тапқан.

Бас құжатымыздың 3-бабында мемлекетіміздің негіз құраушы қағидаттары қатарында бірінші кезекте «Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау» жазылды. Бұл міндет пен жауапкершілік кеңестік кезеңде алғаш рет «Мемлекеттік егемендік декларациясында» тиянақталғанын қаперімізден шығармағанымыз абзал.

«Артыма қарамай өлуім керек!..»

22 қазан – классиктің туған күні. Әбекеңнің арамыздан алыстағанына төрт жыл. «Бала, қалайсың?» дейтін қоңыр дауысын сағынасың. Жылы жымиысы түске кіреді. Бұл – сондай сағыныштан туған бір үзік сыр еді...



Иә, Нұрпейісов туралы айтылмаған не қалды? Бір қарағанда бәрі айтылған секілді. Осымен бітті ме?.. Жоқ, заман өзгерген сайын, қоғамдық құндылықтар орын ауыстырған сайын, ең негізгісі – үрпақ ауысқан сайын Нұрпейісовтің жаңа оқырмандары мыңдап, миллиондап табыла береді. Жазушының шығармашылығы жайлы талайлардың тамсана айтқан пікірлерін оқи бастасақ, кеш батып, қас қарая еді. Ағамыз 98 жыл өмір сүрді. Бұл біреулерге сонша ұзақ уақыт секілді елестеуі мүмкін және осынша жасқа келгелі жазған-сызғаны үш-ақ кітап па деп те, қорашсынуы ғажап емес-ті. Сол үш кітап жазушының жанқиярлық адал әм азапты еңбегінің арқасында жазушының атағын да, Арал халқының бет-бейнесін де әлемге танытты. Шындығында, Әбекең кітаптан соң кітап шығарып, көпіртіп көп дүние жазған жоқ. Қағазға түскен туындының ыстық-суығына қарамастан бірден баспаға ала жүгіріп, қаламақыға қарық болайын да деген жоқ. Жастау кезінде Әбекеңнің де қаражаттан қиындық көргені белгілі. Баспадан шыққалы жатқан кітабын «үстінен тағы бір қарап шығайыншы» деп қайтарып алып, кітаптың өң бойын жалпақ тілмен айтқанда «қызыл ала қан қылып», қайта жазып, қайта өңдеп, табандап үш-төрт жыл баспа төңірегіне жоламай кеткені – бүтінгілер үшін аңыз-ертегі. Әрбір шығармасына аса жауапкершілікпен қарап, әрбір сөйлем түтілі әрбір сөзді де «мидың мың градустық домнасында» қайнатып барып, арадан біршама уақыт өткен соң қайта үңіліп, ойынан шықпаған тұсы болса, бастан-аяқ қайта жазудан тартынбайтын, қашан өз ойынан шыққанша бір тыным көрмейтін Әбекең секілді жанпида қаламгерді өз басым кеше де, бүгін де көргенім жоқ.

Бірде Әбекең Астанадағы бір ауруханада жаңа босанған жас келіншектей басын ақ сүлгімен таңып алып, беліне көрпеше орап, ақ тер-көк тер боп, «Қан мен тердің» соңғы басылымын шиедей етіп, қырнап-сүрнеп жатты. Хал-жайын сұрауға барғанбыз. Мынадай жан алып, жан беріскен жағдайды көргенде, «Қап, бекер келдік-ау» деп, жазушыға анау айтқандай жәрдеміміз тимесе де, ең құрығанда уақытына бөгет болмайықшы дегенбіз. Өзім білетінде Әбекең көп адамды жанына жақындата бермейді, ал керек адамды өзі іздеп тауып алады. «Келдің бе?» деді біраздан соң, бізге күлімсірей қарап – кәне, не әкелдің!» Бұл – көңіл күйінің жақсылығының белгісі. Келіні беріп жіберген сәлемдемеден ауыз тиді де, қағазға қайта шүйілікті. «Аға-ау, не істеп жатырсыз, елдің әлдеқашан рухани дүниесіне айналып кеткен «Қан мен терді» бүйтіп»... дегенімше болған жоқ, артынша: «Сендер не білесіңдер. Қазір заман басқа, заң басқа. Оқырманның талғам-түсінігі өзгерді. Оқырманды аяу керек, сондықтан «Қан мен терді», яғни үш кітапты сығымдап, артық-ауыз эпизодтарды қысқартып, бір кітаптың аясына сыйғызғалы жатырмын...» деді. «Ойпыр-ай!.. Талай кереметтер сызылып кетпесе нетсін!» «Оны өзім білемін. Әрине, маған да оңай емес, дегенмен менің артыма қарамай өлуім керек! Осы сөзді ұмытпа!..». «Артыма қарамай өлуім керекті» екі мәрте қайталады.

Көзінің тірісінде, мұнан үш жыл бұрын үш кітаптан тұратын сол «Қан мен тер» бір кітаптың аясына сыйып, жаңа редакциямен басылып шықты. «Қан мен тердің» нешінші рет басылғанын кім білсін. Оқыдық, оқыдық та таңғалдық. Кітап ауызға салсаң еріп жүре беретін қант қиығындай тәттілігі өз алдына, бар тірлігіңді жиып қойып, қашан соңғы нүктесіне дейін бас алмай оқитындай келісті дүние болып шыққан. Еламан, Ақбала, Тәңірберген, Сүйеу, Судыр Ахмет, Қален, Дос, Мөңке, Қарақатын...т.б. кейіпкерлер бір тылсым құпиясымен бұрынғыдан да бізге қарай жақындай түскен тәрізді. Жазған шығармасы қашан өз ойынан шыққанша түзетуден шаршамайтын және «іштен шыққан шұбар жыланды» аямайтын, әрі жаңа дүние тудырғандай содан керемет ләззәт алатын, бұл шаруаға бойындағы соңғы демі қалғанша бар қайрат-жігерін арнайтын осы жанқияр-лық еңбегі аңызға айналған жер жүзінде бір қаламгер болса, ол сөз жоқ – Нұрпейісов екеніне тірі жанның таласпайтынына анық. Бұл турасында, Гера Бельгер көкем айтқандай, «Нұрпейісов үш ауыз телеграмманың өзін ойланып-толғанып, үш күн жазатын адам...» дей түрғанмен, әрбір сөзді, әрбір сөйлемді електен өткізуден жалықпайтын Нұрпейісов қайталанбайтын әрі ешкімге ұқсамайтын дара тұлға! «Қан мен тердің» алғашқы кітабы «Ымырт» 1961 жылы жазылып біткен-ді, міне, алпыс жылдан астам уақыттан бері трилогияның қанша тілге аударылып, қанша мақтау-марапатқа ие болып, қанша рет басылып шыққанын өзіңіз-ақ безбендей беріңіз! Сірә, қалам ұстаған пендеге мына дүниеде мұнан артық бақыт бар ма?! Былайғы тірлікте жай сөйлеп, жайлап бабымен жүретін кісі секілді болғанымен туған әдебиеттің, туған елдің, атамекеннің тағдыры таласқа түскен сәттерде сол жайбарақат мінезді аяқ асты ұмытып, алған бетінен, айтқанынан қайтпай түз гранитіндей қатып қалатын Нұрпейісов бұған келгенде де жалғыз, бұған келгенде де сирек жаратылыс!

«Қан мен тер» сюжетінің жазушы басына қалай, қашан келгенін баршаларыңыз жақсы білесіздер. Әбекеңнің мұнан жүз жыл бұрын Арал теңізінің жағалауындағы Құланды поселкесінің Үшкөң ауылында дүниеге келгені белгілі. Қай жылы мектепке барғанын, одан соң әр жылдары үзіп-үзіп бірде Шалқарда, бірде Аралда оқығанын қайталап жатып қайтеміз. 1942 жылы мектепті бітірген бойда армия қатарына шақырылады. Табандаған төрт жылын майдан даласында өткізеді. Әкесі, өзімен тетелес екі ағасы елге оралмай, соғыста опат болады. Әбекеннің архивінде әкесінің майданнан ұлына жазған сәлем хаты сақталған: «Сен, балам, аман-есен елге орал, мына біз бастан кешкен бар қиындықтың жалғыз куәгері өзің, бәлкім, кейіннен осыларды шамаң жетсе қағазға түсірерсің» дейтіндей емеурін танытады. Әбекең әке аманатына адалдық танытқандай, 1946-жылы аман-есен елге оралады.

Соғыстан кейінгі ашқұрсақ ел ішінің жағдайы тайға таңба басқандай белгілі ғой. Туған ауылында біраз аунап-қунап мауқын басқан соң, 23 жастағы жас жігіт 1947-жылдың сарша тамызында ауылдан шыққан ат арбаға ілесіп, Арал қаласына жол тартады. Күн ыстық, қисаңдаған ат арба. Екі көзінің жылтырағаны болмаса, былайғы әңгімеге мүлдем зауқы соқпайтын арба үстіндегі қартаң кісі Әбдіжәмілдің бары мен жоғын да есінен шығарып алған-ды. Бірақ қалай болғанда да Аралға жету – арман. Митың жүріс жалықтырған соң жас жігіт арбадан түсіп, жаяу аяңға көшеді. Аптап, айнала ысылдаған қызыл құм, жаяу адамды шөл қинайды. Сол сапарда болашақ жазушының басына нелер келіп, нелер кетпеді дейсіз?! Арал өңірінің күллі тарихы көз алдынан өтеді. Көз алдарындағы жалғыз теңізден басқа арқа сүйері жоқ, оның өзі кешеге дейін Азамат соғысы жылдарында орыс көпестерінің шалқып өмір сүрулері үшін жаралғандай, ал жағалаудағы жарлы-жақыбай балықшылар соларға жалданып, өлместің күнін көргенін кімнен жасырарсың. Соғыс, тағы да соғыс, ашаршылық, турасын айтқанда, Арал өңірінде өмір сүрген халықтың маңдайы жарқырап, қалқарази тірлік кешкендері шамалы. Жан аямай еңбек еткен адал тердің де ақталғаны – ауыз жарымас бірдеме. Қан мен тер, қан мен тер! Арал қаласындағы жақын ағасы Байғабылдың үйіне жеткен бойда Әбдіжәміл бір бет қағазға «Қан мен тер» деп баттитып жазып қояды. Бұл тақырып болашақ жазушыны нағыз азап апанына алып келеді. Осыдан соңғы табандаған он бір жыл трилогияға деректер мен жанды құжаттар іздеуге арналады. Ұзын сөздің қысқасы, «Қан мен тердің» алғашқы кітабы «Ымырт» – 1961 жылы, «Сергелдең» – 1964 жылы, «Күйреу» –1970-жылы жазылып бітеді. «Жазылып бітті» – біздің сөзіміз, ал Нұрпейісов соңғы демі біткенше үш кітаптан тұратын кесек романды қырнап-сүрнеумен, қысқартумен, кейбір эпизодтарды қайта жазумен арпалысты да жүрді. Міне, қарап отырсаңыз, атақты романның өмірге келгеніне де табаны күректей алпыс жылдан астам уақыт болыпты. Бір адамның ғұмырына татитын уақыт бедерінде сонан бері қанша өзгеріске түсіп, қанша мәрте жаңа редакциямен еліміздің әртүрлі баспаларынан жаңа кітап болып басылып шықса да, «Қан мен тер» ешқашан дүкен сөрелерінде шаңға көміліп жатқан емес. Қалам ұстаған пендеге бұдан артық мақтау-марапаттың қажеті қанша?!

Мақтау-марапат демекші, Әбекең де ұзақ ғұмырында талайдың түсіне кіретіндей, талай марапатты иеленген. Ең бастысы, одақтың, КСРО-ның Мемлекет сыйлығының лауреаты атанды, ондай абыройлы атаққа ие болған біздің елімізде үш-ақ қаламгер бар, олар – М.Әуезов, Ж.Молдағалиев және Ә.Нұрпейісов! Ал Қазақстанның Еңбек Ері атағын ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан алды. Қалған майда-шүйде орден-медальдарының бәрін көзінің тірісінде архивке өткізіп жіберген-ді.

Әбекеңнің болмыс-бітіміне, шығармашылық лабораториясына таңғалмайтын, таңданбайтын адам кемде-кем. Бәлкім, кім біледі, Әбекеңше жазғысы келетін, шығармашылық шыңына Әбекеңше жетіп жығылғысы келетіндер сірә да, аз болмас. Бірақ басы ашық ақиқат, Нұрпейісов қайталанбайды, Нұрпейісов – жалғыз, Нұрпейісов – тарихта аты-жөні алтын әріптермен жазылып қалатын ұлы жазушы! Әбекеңнің шығармашылығы, «ар ісіне» адалдығы, ханнан да қарадан да қаймықпай пікірін ашық айтатын батылдығы, туған әдебиетін мойны озық әлем әдебиеті деңгейіне көтерудегі жанқиярлық еңбегі, данадай дарқан ақ көңілі, кейде кез келген нәрсеге сене қалатын баладай аңқаулығы, ал жазуға келгенде, әрбір қазақ сөзінің салмақ-дәрежесін таразыға салып, безбендеуге келгенде әлгі жайма шуақ мінездерді аяқ асты ұмытып, сұрланып, «суырылмайтын шегедей» қатып қалатын... Ә.Нұрпейісов жайлы кешегі «алыптар тобы» көрнекті өкілдерінің аузынан шыққан ыстық лебіздерін, замандастары, құрдастарындай әзілдесетін, еркелейтін бүтінгі жер басып аман жүрген үзеңгілес інілерінің қағазға түскен жазбаларын жинағанда неше том боларын кім білсін. Француз Арагон, ресейлік Юрий Казаков, Сергей Баруздин, Анатолий Ким, Николай Афанасьев, Лев Аннинский, Леонид Теракопян, Валинтин Оскоцкий, испандық Август Видаль, қырғыз Шыңғыс Айтматов, башқұрт Мұстай Кәрім, немістер Лео Кошут, Ральф Шредер, қазақстандық Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұхаметжан Қаратаев, Тахауи Ахтанов, Серік Қирабаев, Қалтай Мұхамеджанов, Зейнолла Қабдолов, Шерияздан Елеукенов, Герольд Белгер, Әбіш Кекілбаев, Ақселеу Сейдімбеков, Дулат Исабеков, Төлен Әбдіков, Самұғл Елубаев... т.б. қаламгерлер Әбекең жайлы ағынан ақтарылып, жүрекжарды ниеттері мен тілектерін білдірді. Бұл жарасымды көш әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Адамзаттың Айтматовы былай дейді: «Мен Нұрпейісовтің кітаптарын баяғыдан бері оқып келемін, оның талантты да тартымды прозасына баяғыдан бері ғашықпын, одан көп нәрсені үйрендім, онымен сан рет сырластым да. Онымен әр кездескен сайын оны жаңа қырынан көргендей боламын да тұрамын. Адам ретінде, сұхбаттас-сырлас ол әманда терең, салиқалы да сабырлы...». Зейнолла Қабдолов: «Егер де «Қан мен тер» қазақ тағдыры мен тұрмысындағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңді қамтыса, «Соңғы парыз» сол халықтың кеңес дәуіріндегі тағдыр-талайын қамтыған. Дей келгенде, Нұрпейісов трилогиясы мен дилогиясы – Отанымыздың ғасырлық тарихының айнасы...». Дулат Исабеков: «Әбдіжәміл Нұрпейісовті қазақ қауымына ғана емес, бұрынғы бүкіл кеңестік кеңістікке, қала берді дүниежүзі оқушыларына таныстырып жатудың қажеті жоқ. Шығармаларының құндылығы мен тартымдылығы жөнінен ұлы Мұхтар Әуезовтен кейін қазақ әдебиетінің мерейін көтеріп келе жатқан ірі қалам қайраткері...». Жә, бұл қағазға түскен ойларды соза беруге де болар еді...

Әбекең күллі қалам ұстағандарды үнемі таңғалдырумен өтті. Жасы 80-нен асқанда «Соңғы парызды» берді. Роман әлі күнге дейін біздің оқырмандардың да, шетелдіктердің де ауыздарынан түспей келеді. Ана жылы АҚШ-та қос роман ағылшын тілінде жарық көрді. Жоқ, айтайын дегеніміз бұл емес, айтайын дегеніміз – Әбекеңнің шығармашылық әдіс-тәсілі де ешкімге ұқсамайды. Мәселен, «Қан мен тердің» соңғы кітабы «Күйреу» менің пайымдауынша, асқан шеберлікпен, шабыттана жазылған керемет шығарма! Өзінің айтуынша, романның соңғы эпизоды, Тәңірбергеннің мына жарық дүниеден баз кешіп, өзі бастап апарған орыс әскерлерінің туған ауылын қалай тонағанын көріп, тіршіліктен түңілген сәтіндегі жан тебіренісі алдымен қағазға түсіпті. Яғни, кітап соңынан басына қарай жазылған. Ал «Соңғы парызда» да Бәкизаттың кеудесінен жаны әлдеқашан шығып кеткен Жәдігердің ап-ауыр басын тізесіне қойып, суықтан паналап күйеуінің кеудесіне кірген бір шөкім торғайды үсік шалған ебедейсіз қолымен қалқалап, жаңа атып келе жатқан күн көзіне қарап, аспанға ұшырып жіберетін түсы бар-ау, міне осы соңғы тарау, соңғы аккорд та алдымен жазылыпты. Бұған қайтіп таңғалмайсың! Тағы қайталайын, мұндай тапқырлық пен шеберлікті Нұрпейісовтен басқа тірі жанның жүзеге асыруы екі талай.

Қоңырау соққан сайын: «Бала, қалайсың?» деп сұраушы еді. Жасымыз жетпістен асқанша Әбекеңе бала болдық та жүрдік. Қазір олай деп, біздің хал-жайымызды сұрайтын пенде жоқ. Жазушының сол қоңыр дауысы құлақ түбінде үнемі қоңыраулап тұрады. Естігің келеді, жиі-жиі түске кіреді, сағынасың... Туған ел алдындағы, туған әдебиеті мен атамекені алдындағы соңғы азаматтық парызын толық өтеп, артына қарамай жазам деген дүниесін жазып кеткен Абыздың аруағына әркез бас июге әзірміз! Қайдағы көрегендік?! Біздікі асыл Ағамыздың дүние есігін ашқан күні елеусіз өтпесінші дейтін ниет қана...

Қуаныш ЖИЕНБАЙ,

Ақиқат пен алгоритм айқасы: кім жеңеді?

Американдық ғалым, әлеуметтік психолог, Гарвард университетінің құрметті профессоры Шошана Зубофф цифрлық технологиялардың адамға, қоғамға, экономика мен демократияға ықпалын зерттеп келеді. Ол ақпараттық қоғамның болашағы, адам еркіндігі мен демократиялық құндылықтарды қорғау мәселелерін көтеріп, цифрлық үстемдікті демократиялық қағидаттармен реттемесек, адамзаттың жоғалтары көп екенін ескертеді. Ойшылдың «Демократия технологиялық алпауыттардың адам өміріне үстемдігін тоқтата ала ма?» деген өзекті мәселеге арналған ойын ықшамдап ұсынып отырмыз.

Осыдан небәрі жиырма жыл бұрын әлемдегі ақпараттың төрттен біріне де жетпейтін бөлігі цифрлық форматта еді. Бүгінде цифрлық технологиялар өміріміздің барлық саласына енді. Бұл – зор мүмкіндікпен қатар үлкен жауапкершілік жүктейтін жаңа өркениеттің басталуы. Алайда маңызды сұрақтар өте көп. Болашағымызды кім айқындайды? Ақпаратқа кім иелік етеді және оның шынайылығына кім жауап береді?

Бұл сұрақтардың жауабы көптеген елде Google, Facebook, Apple, Microsoft және Amazon секілді технологиялық алпауыттардың қолына шоғырланды. Біз оларға қоғамды басқару құқығын берген жоқпыз. Соған қарамастан, небәрі жиырма жылдың ішінде бұл компаниялар адамдардың цифрлық технологиялармен қарым-қатынасын айқындайтын жаһандық жүйеге айналды. Жеке деректерді, оларды талдау технологияларын және ақпараттық инфрақұрылымды бақылау арқылы өз үстемдігін орнатты.

БАҚЫЛАУ КАПИТАЛИЗМІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

1990 жылдардың ортасында интернет кең тарала бастағанда, либералдық демократиялар цифрлық дәуірдің болашағына қатысты түтас саяси тұжырымдама жасай алмады. Демократиялық құндылықтар мен жаңа технологияларды ұштастыратын басқару тетіктерінің қалыптаспауы қоғамдық бақылау саласында бос кеңістік туғызды. Әсіресе, АҚШ-та нарық еркіндігін шексіз дәріптейтін ұстаным интернет кеңістігін жеке компаниялардың иелігіне беруге жол ашты.

Осы мүмкіндікті пайдаланған интернет стартаптары цифрлық дәуірдің жаңа экономикалық моделін – бақылау капитализмін қалыптастырды. Компаниялар адамның күнделікті өміріне қатысты деректерді жинап, өңдеп, коммерциялық мақсатта пайдалана бастады. Жеке мәліметтерді иемдену арқылы олар адамның мінез-құлқын болжауға және сол болжамдарды табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік алды.

Пайдаланушылардың әрекеттеріне қарай жарнама үсыну онлайн жарнама индустриясын түбегейлі өзгертті. Кейін деректерді жинау мен талдауға негізделген модель білім беру, денсаулық сақтау, қаржы, сауда, автомобиль өндірісі және ауыл шаруашылығы сияқты көптеген салаға таралды. «Ақылды» өнімдер мен жекелендірілген қызметтердің едәуір бөлігі де осы жүйеге тәуелді.

Адам туралы деректер негізгі олжаға айналған сайын, оларды жинауға мүмкіндік беретін құралдар мен қызметтер де көбейе береді. Интернет парақшалары, кітаптар, музыка, көліктер, үйлер, ауруханалар, көшелердің карталары, тіпті жаңалықтардың өзі дерек көзіне айналуы мүмкін. Цифрлық кеңістіктегі белсенділік артқан сайын ақпарат көлемі үлғайып, адамның мінез-құлқын болжау мүмкіндігі кеңейеді, ал корпорациялардың табысы өседі.



АҚПАРАТ ТАУАРҒА АЙНАЛҒАНДА

Бізді алаңдататыны – ақпараттың шынайылығы мен қоғамдық маңызының екінші орынға ығысуы. Ауқымды цифрлық жүйелер ақпаратты мазмұнына қарамастан жаппай өндірілетін тауар ретінде қарастыруға бейім. Олар мәліметтерді орасан көлемде жинап, тарата алады, бірақ шынайы ақпаратты жалған деректен ажыратуды басты міндеті санай бермейді.

The Intercept басылымы жариялаған Facebook-тің ішкі құжатында компанияның жасанды интеллект орталығы күн сайын «триллиондаған дерек нүктесін қабылдап», «мыңдаған модель» жасап, әр секунд сайын «алты миллион мінез-құлық болжамын» өндіретіні айтылған.

Бұл көрсеткіштер цифрлық платформалардың ақпаратты өңдеу ауқымын аңғартады. Алайда мұндай жүйелер үшін ақпараттың ақиқатқа сәйкестігінен гөрі оның көлемі мен коммерциялық пайдасы маңызды болуы мүмкін. Егер бұрмаланған мәлімет адамдардың назарын көбірек аударып, белсенділігін арттырса, ол компанияға қосымша табыс әкеледі. Демек, пайдаланушының назарын аударуға мүдделі жүйе сол назарды аударған ақпараттың шынайылығына жауапкершілікпен қарауға міндетті бола бермейді.

Мұндай жағдай авторитарлық билік өкілдеріне, олигархтарға, саяси арандатушыларға, тролль фабрикаларына және жалған ақпарат тарату науқандарын ұйымдастырушыларға тиімді. Олар өздеріне қажетті мәліметтерді жаһандық ақпарат ағынына енгізіп, қоғамдық пікірге ықпал ете алады.

Осының салдарынан журналистиканың міндеті де күрделене түсті. Ақпаратты тексеріп, қоғам алдындағы жауапкершілікті арқалайтын журналистер жалған мәліметтерді жылдам тарататын цифрлық жүйелермен бәсекелесуге мәжбүр. Азаматтардың өз пікірін еркін қалыптастырып, қоғамдық мәселелерді тәуелсіз талқылайтын кеңістігі әлсірейді. Ал мұндай кеңістіксіз демократияның орнықты дамуы қиын.

Ауызша куәлік дәстүрінен жазба мәдениетке, одан журналистиканың «төртінші билік» ретінде қалыптасуына дейін ақпарат тарихындағы әрбір үлкен өзгеріс оның шынайылығы мен тұтастығын қамтамасыз ететін талаптарды орнықтырды. Қазір жаңалықтар кәсіби журналистика мен қоғамдық қызметті реттейтін нормалар мен стандарттар жүйесінен бақылау капитализмінің кеңістігіне ауысып, ақиқат пен жалғанды ажырату қиындай түсті. Ақпарат құралдары да өміршеңдігін сақтау үшін технологиялық платформалардың талаптарына бейімделуге мәжбүр.

Қоғам демократия мен журналистика арасындағы тепе-теңдікті өздігінен сақтала беретін құндылықтардай қабылдап, олардың осалдығын дер кезінде бағамдай алмады. Соның салдарынан өзі таңдамаған цифрлық болашақтың қалыптасуын сырттай бақылаушы болып қалды.

ДЕМОКРАТИЯ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТІ ӨЗГЕРТЕ АЛА МА?

Кейінгі жылдары АҚШ-та, Еуропада және әлемнің басқа аймақтарында технологиялық компанияларға деген қоғамдық сенім әлсіреп, цифрлық кеңістікті реттеу қажеттігіне назар аударыла бастады. Технология саласының кейбір қызметкерлері корпорациялардың әрекеттерін ашық сынаса, заң шығарушылар жаңа құқықтық тетіктерді қарастыруға кірісті.

Бұл өзгерістердің маңызды көрінісі – 2022 жылы Еуропалық Одақтың «Цифрлық қызметтер туралы заң» (DSA) жөнінде саяси келісімге қол жеткізуі. Мұны цифрлық кеңістікте демократиялық құқықтар мен заң үстемдігін орнықтыру жолындағы маңызды бетбұрыс деп бағалауға болады. Меніңше, цифрлық әлем демократиялық қоғамның қағидаттарына бағынуға тиіс.

Алайда заң қабылдаумен шектелуге болмайды. Ақпараттық кеңістікті қоғамдық мүддеге сай қайта құрып, жаңа құқықтық қағидаттар мен тиімді бақылау тетіктерін қалыптастыру қажет. Бұл оңай міндет емес, өйткені технологиялық корпорациялар деректерді жинау, адамның мінез-құлқын болжау және цифрлық кеңістікке ықпал ету саласында елеулі артықшылықтарға ие.

Дегенмен демократияның да өз күші бар. Ол – азаматтардың бірлесіп әрекет етуі, қоғамдық мүддеге сай заң қабылдап, оның орындалуын қамтамасыз етуі және ортақ құндылықтарды қорғауы. Корпорациялардың билігі шексіз болмауға тиіс.

Технологиялық дамуды тоқтату мүмкін де, қажет те емес. Негізгі міндет – оның бағытын адам құқықтары мен қоғамдық мүддеге сәйкестендіру. Жеке өмірге қол сұқпау құқығын, ақпараттың шынайылығын және журналистиканың тәуелсіздігін қорғау цифрлық өркениеттің негізгі қағидаттарына айналуға тиіс.

Адамзат өзі жасаған жүйелерді өзгертуге қабілетті. Ол үшін қоғам технологиялық үстемдікті өзгермейтін тағдыр ретінде қабылдамай, цифрлық болашағын демократиялық жолмен қалыптастыруға ұмтылуы керек.

ҚАУІПСІЗДІК ПЕН САПАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛГЕН ЖОЛ



АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА «АҚТӨБЕ – ҚАРАБҰТАҚ – ҰЛҒАЙСЫН» АВТОЖОЛЫНЫҢ 28 ШАҚЫРЫМДЫҚ УЧАСКЕСІНДЕ ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ АШЫЛДЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ЖОЛДЫҢ БҰЛ БӨЛІГІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ КӨЛІК ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРЫП, ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ЖОБА – ӨҢІРДЕГІ ІРІ КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ.

Ақтөбе облысында халықаралық маңызы бар «Самара – Шымкент» автожолының бойындағы 28 шақырымдық учаске қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Бұған дейін екі жолақты болған жол енді төрт жолақты қозғалысқа көшті. Соның нәтижесінде қарама-қарсы бағытта келе жатқан көліктердің ағыны бөлініп, жолдың өткізу қабілетін арттыруға жағдай жасалды.

«Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын» автожолының 791-819 шақырым аралығындағы учаскесін пайдалануға беру рәсіміне Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев, сондай-ақ жол саласының мамандары мен мердігер ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде жол I техникалық санатқа ауыстырылды. Бұл халықаралық бағыттағы көлік қозғалысын тиімді ұйымдастыруға, жеңіл автомобильдер мен ауыр жүк көліктерінің қауіпсіз әрі үздіксіз қатынауына мүмкіндік береді.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев жол құрылысының нәтижесін бағалауда оның ұзындығымен қатар, қауіпсіздік деңгейіне де басымдық беру қажеттігін атап өтті.

– Біз үшін ең маңыздысы – қанша шақырым жол салғанымыз емес, сол жолдың халық үшін қаншалықты қауіпсіз әрі қолайлы болғаны. Бұлтыр осы бағыттағы алғашқы екі жолақпен қозғалысты ашқан едік. Бүтін төрт жолақтың барлығы пайдалануға беріліп отыр. Қарама-қарсы бағыттағы көліктер енді бөлек жүреді. Бұл – күн сайын жеңіл және ауыр жүк көліктері қатынайтын халықаралық жол үшін аса маңызды. Алдағы мақсатымыз – 262 шақырымның өн бойында осындай қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету, – деді ол.

ҚҰРЫЛЫС АУҚЫМЫ МЕН АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС

Қайта жаңғыртылған 28 шақырымдық учаскеде жол жамылғысының барлық қабаты төселіп, ауқымды жұмыстар жүргізілді. Құрылыс барысында 3,66 миллион текше метр топырақ қазылып, тиісті жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар екі көпір, екі жол өтпесі және екі көлік айрығы салынды. Мал айдап өтетін бес өткелді қоса алғанда, су өткізетін 46 құрылыс нысаны түрғызылды.

Жобаға 490 маман мен 380 бірлік жол-құрылыс техникасы жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстарына 1,4 миллион тоннадан астам қиыршық тас пен 14 мың тонна битум дайындалды. Бұл көрсеткіштер учаскені қайта жаңғыртуға қажетті материалдық-техникалық ресурстардың ауқымын аңғартады.

Дегенмен жолдың ұзақ жыл бойы сенімді қызмет етуі атқарылған жұмыстың көлеміне ғана байланысты емес. Құрылыс материалдарының сапасы, оларды қолдану технологиясының сақталуы және әр кезеңдегі зертханалық бақылаудың жүйелі жүргізілуі де шешуші рөл атқарады. Сондықтан жол құрылысына қатысатын мердігер ұйымдар материалдардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруге ерекше көңіл бөледі.

ЖОЛ САПАСЫ ЗЕРТХАНАДА ТЕКСЕРІЛЕДІ

Осы бағытта жұмыс істеп жатқан мердігер ұйымдардың бірі – Sine Midas Stroy ЖШС. Компания жанындағы зертханада жол құрылысына пайдаланылатын топырақтың, қиыршық тастың, асфальт қоспасы мен битумның сапасы тексеріледі. Мұндай бақылау құрылыс материалдарының техникалық талаптарға сәйкестігін анықтап, жол төсемінің беріктігі мен төзімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Зертхана басшысы Жәнібек Медетовтің айтуынша, карьерлерден жеткізілген топырақтың максималды тығыздығы мен оңтайлы ылғалдылығы анықталады. Бұл көрсеткіштер топырақты жол құрылысына дұрыс пайдалануға және қажетті деңгейде нығыздауға мүмкіндік береді.

Қиыршық тастың сапасы да бірнеше өлшем бойынша бағаланады. Оның 10-20 және 5-10 миллиметрлік фракциялары арнайы електер арқылы тексеріліп, тығыздығы мен аязға төзімділігі зерттеледі. Өйткені жол төсемінің беріктігіне қолданылатын материалдардың қасиеттері тікелей әсер етеді. Әсіресе, ауа райы құбылмалы, температура айырмасы едәуір болатын өңірлерде материалдардың сыртқы орта әсеріне төзімді болуы маңызды.

Асфальт қоспалары мен төселген жолдан алынған керн үлгілері арнайы престер және вакуумдық қондырғының көмегімен сыналады. Зертханалық сынақтар арқылы материалдардың белгіленген талаптарға сәйкестігі бағаланады. Сонымен бірге мамандар битумның температура әсеріне төзімділігін, созылғыштығы мен тығыздығын тексереді. Бұл көрсеткіштер жол жамылғысының пайдалану кезіндегі беріктігін бағалауға мүмкіндік береді.

– Белгіленген талапқа сәйкес келмейтін материалдар сұрыпталып, құрылысқа пайдаланылмайды. Мұндай бақылау жол төсемінің сыртқы әсерлерге төзімділігін арттыруға бағытталған, – дейді Жәнібек Медетов.


Қазір зертханада 10 маман жұмыс істейді. Олардың негізгі міндеті – құрылыс материалдарының сапасын тұрақты тексеріп, жол төсемінің беріктігіне қойылатын талаптардың орындалуын бақылау. Зертханалық сынақтардың нәтижесі құрылыс барысында қолданылатын материалдардың сапасын бағалауға және талапқа сай келмейтін өнімдерді дер кезінде анықтауға көмектеседі.

Осылайша, жол сапасын қамтамасыз ету жұмыстары құрылыс алаңындағы бақылаумен ғана шектелмейді. Материалдарды зертханалық тексеруден өткізу, олардың физикалық қасиеттерін бағалау және белгіленген технологиялық талаптарды сақтау – нысанның ұзақмерзімді қызмет етуіне ықпал ететін негізгі шарттардың бірі.

262 ШАҚЫРЫМДЫҚ ЖОБАНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Пайдалануға берілген 28 шақырым – «Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын» автожолын қайта жаңғыртуға арналған жалпы ұзындығы 262 шақырымдық жобаның бір бөлігі. Жоба аясында бүкіл бағытты кезең-кезеңімен төрт жолаққа кеңейтіп, I техникалық санатқа көшіру көзделген. Қалған учаскелерде құрылыс жұмыстары жалғасып жатыр.

Бұл бағыттың көлік-логистикалық маңызы зор. Ол Ақтөбе мен Қызылорда қалаларын байланыстыратын «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің дамуына ықпал етеді. Жол инфрақұрылымын жаңғырту өңіраралық қатынасты жақсартып, жүк тасымалының тиімділігін арттыруға, халықаралық бағыттағы көлік қозғалысын оңтайландыруға мүмкіндік береді.



Жаңартылған учаскенің ашылу рәсімінде Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев батыс өңірлердегі ірі жол жобаларының стратегиялық маңызына тоқталды. Оның айтуынша, биыл тамыз айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарында үш ірі жол жобасының құрылысы басталған. Олардың қатарында «Ақтөбе – Ұлғайсын», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Сексеуіл – Қызылорда» бағыттары бар. Сонымен қатар Сексеуіл мен Бейнеу аралығындағы құмды алқап арқылы өтетін жаңа жол салынуда.

Аталған үш жобаға жалпы көлемі 3 триллион теңгеге жуық қаражат бөлініп, 1 900 шақырымнан астам жол салу жоспарланған. Жобаларды алдағы үш жыл ішінде аяқтап, пайдалануға беру көзделіп отыр. Мердігер ұйымдарға жұмыстарды белгіленген мерзімде орындаумен қатар, мүмкіндігінше мерзімінен бұрын аяқтау міндеті қойылған.

Бұл бастамалар батыс өңірлердің көлік инфрақұрылымын кешенді дамытуға бағытталған. Жаңа жолдар мен жаңғыртылған учаскелер аймақтар арасындағы байланысты нығайтып, жолаушылар мен жүк тасымалына қолайлы жағдай жасауға тиіс. Сонымен бірге халықаралық транзиттік бағыттардың әлеуетін арттырып, елдің көлік-логистикалық жүйесін дамытуға серпін береді.

ЖОЛ САПАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП КҮШЕЙЕДІ

Қазақстанда жол құрылысының көлемін ұлғайтумен қатар, оның сапасына қойылатын талаптарды күшейтуге де басымдық беріліп отыр. Үкімет тапсырмасымен құрылған арнайы комиссия құрылыс материалдарының сапасын, соның ішінде битум мен қиыршық тастың белгіленген талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ ауыр жүк көліктерінің жолға түсіретін салмағын реттеу мәселелерін қарастырады.

Комиссия құрамына ғалымдар, жол саласының мамандары, тиісті мекемелердің басшылары мен депутаттар енгізілген. Оның жұмысы жол құрылысы мен пайдалануға қатысты өзекті мәселелерді талдап, сапаны қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды пысықтауды көздейді.

Жол жамылғысының мерзімінен бұрын бүлінуіне құрылыс материалдарының сапасы ғана емес, көлік салмағының белгіленген шектен асуы да әсер етуі мүмкін. Сондықтан жол инфрақұрылымын қорғау үшін құрылыс кезінде сапа талаптарын сақтау және пайдалануға берілгеннен кейінгі жүктемені реттеу мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылуы қажет.

– Президент жол сапасын жақсартуды тапсырды. Біз де осы бағыттағы жұмысты күшейтіп жатырмыз. Жолдың сапасына, қолданылатын материалдарға және көлік салмағына қойылатын талап күшейеді. Біздің мақсатымыз – сапалы жол салып қана қоймай, жол-көлік оқиғаларын азайтып, адам өмірін сақтау, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Қыс мезгілінде жолда қалып қойған жүргізушілерге көмек көрсету мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Осы мақсатта арнайы техника мен құтқару құралдары сатып алынуда. Мұндай жабдықтар ауа райы күрт нашарлаған кезде, қарлы боран мен көктайғақ салдарынан жолда қиындыққа тап болған азаматтарға жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек құрылыс сапасымен шектелмейді. Қысқы кезеңге дайындық, жол бойындағы жағдайды бақылау және төтенше ахуал кезінде тиісті қызметтердің жедел әрекет етуі де маңызды. Сондықтан жолдарды жаңғырту жұмыстары қауіпсіз қозғалысты ұйымдастыру іс-шараларымен қатар жүргізілуге тиіс.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖОЛ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫ

Ақтөбе облысында республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын жаңғырту және жөндеу жұмыстары бірнеше бағытта қатар жүргізіліп жатыр. «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» АҚ облыстық филиалының басшысы Айбол Данағұловтың мәліметінше, облыстағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 1 875 шақырымды құрайды.

Бүтінге дейін 578 шақырым жолдағы жұмыс аяқталған. Оның 326 шақырымы қайта жаңғыртылса, 252,59 шақырымына орташа жөндеу жүргізілген. Қазір 1 122,5 шақырым жолда құрылыс және жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Оның 856 шақырымында қайта жаңғырту, ал 266,5 шақырымында орташа жөндеу жұмыстары атқарылуда.

Сонымен қатар Жем өзенінің бойындағы 92+100 шақырымда және Қауылжыр өзенінің бойындағы 219 шақырымда орналасқан көпірлерге күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұл нысандардың жағдайын жақсарту жол инфрақұрылымының сенімділігін арттыруға және көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жыл соңына дейін облыстағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының кемінде 88 пайызының жағдайын жақсарту жоспарланған. Бұл міндетті Ақтөбе облысының әкімдігі, тиісті министрлік және «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы бірлесіп жүзеге асырады.

Жоспарланған жұмыстардың ауқымы облыстағы жол желісін жаңғыртуға кешенді көзқарас қажет екенін көрсетеді. Бір жағынан, халықаралық маңызы бар негізгі бағыттардың өткізу қабілеті мен қауіпсіздігі арттырылса, екінші жағынан, қолданыстағы жолдар мен көпірлерді жөндеу арқылы инфрақұрылымның жалпы жағдайын жақсарту көзделіп отыр.

НӘТИЖЕ САПАМЕН ӨЛШЕНЕДІ

«Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын» автожолының 28 шақырымдық учаскесінде төрт жолақты қозғалыстың ашылуы – жалпы ұзындығы 262 шақырымды құрайтын қайта жаңғырту жобасының маңызды кезеңі. Алда қалған учаскелерді белгіленген талаптарға сай жаңғыртып, бүкіл бағыттың қауіпсіздігі мен өткізу қабілетін арттыру міндеті тұр.

Жол құрылысының тиімділігі пайдалануға берілген шақырым санымен ғана бағаланбайды. Оның қаншалықты берік, қауіпсіз және ұзақ мерзім қызмет ететіні де маңызды. Бұл үшін сапалы құрылыс материалдарын пайдалану, технологиялық талаптарды сақтау, зертханалық бақылауды жүйелі жүргізу және ауыр жүк көліктерінің жолға түсіретін салмағын реттеу қатар жүзеге асырылуы қажет.

Халықаралық көлік дәліздерінің дамуы елдің өңіраралық байланысына, жүк тасымалына және транзиттік әлеуетіне тікелей ықпал етеді. Сондықтан жолдарды жаңғырту барысында қозғалыс қауіпсіздігіне, құрылыс сапасына және инфрақұрылымды күтіп ұстауға бірдей мән беру қажет.

Ақтөбе облысындағы жұмыстардың түпкі мақсаты да осыған саяды: көлік қозғалысына қолайлы жағдай қалыптастыру, жол-көлік оқиғаларының қаупін азайту және салынған инфрақұрылымның ұзақ жыл бойы сенімді қызмет етуін қамтамасыз ету. Бұл міндеттің орындалуы құрылыс қарқынымен қатар, сапаны бақылау мен пайдалануға берілген жолдарды тиісті деңгейде күтіп ұстауға байланысты.

Жанна КӨПЖАНОВА,
Ақтөбе

Асхат Шахаров ақтөбелік креаторларды марапаттады

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ АСТАНАДА ӨТКЕН AQTOBE CREATIVE DAYS КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ ҚАТЫСҚАН ӨҢІР ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАП, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ МЕН БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІ ҮШІН АЛҒЫС БІЛДІРДІ.



Еске салайық, 10-11 қазан күндері Creative Aimaq республикалық жобасы аясында ұйымдастырылған екі күндік іс-шарада Ақтөбе өңірінің ұлттық өнері мен қолөнері, сәні, әдебиеті, музыкасы, театры және заманауи креативті индустрия бағыттары таныстырылды.

Кездесуде аймақ басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында креативті индустрия экономиканы дамытуға және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін маңызды бағыт ретінде атап көрсетілгенін айтты. Оның сөзінше, бұл сала өңірдің мәдени мұрасын кеңінен танытуға, шығармашылық кәсіпкерлердің өнімдерін нарыққа шығаруға және жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға мүмкіндік береді.

– Өңір креаторлары 22 бағыт бойынша өз өнімдерін ұсынды. IT-технологиялар мен цифрлық жобалардан бастап, әдебиет, театр, анимация және концерттік бағдарламаларға дейінгі өнердің сан қырын көрсетті. Aqtobe Design сән кеңістігінде жеті дизайнердің ұлттық нақыш пен заманауи сән үрдістерін ұштастырған топтамалары, сондай-ақ Димаш Құдайбергеннің шығармашылығына арналған арнайы көрме көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Жәрмеңкеде 24 млн теңгеге жуық өнім сатылып, екі күнде іс-шараға 9 500 адам қатысты. Бұл – өңір креаторларының бәсекеге қабілеттілігін, өнімдеріне деген сұранысты және Ақтөбе креативті индустриясының зор әлеуетін көрсететін айқын нәтиже, – деді Асхат Шахаров.

Басқосуда Ақтөбе облысындағы Креативті қордың өкілі Әсел Бөлекова мен Қазақстан Республикасы Шеберлер одағының мүшесі, аспап жасау шебері, ұста әрі зергер Ерқосай Әбілов те сөз сөйледі. Олар шығармашылық бастамаларды қолдау, ұлттық қолөнер дәстүрлерін сақтау және оны заманауи бағыттармен сабақтастырудың маңызын атап өтті.

Кездесу соңында көрме-жәрмеңкеге қатысушылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Асхат Шахаров шығармашылық мамандарға қолдау көрсету және өңірдің креативті әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Су шаруашылығына қажетті техникалар берілді

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ САДОВОЕ ТҰРҒЫН ҮЙ АЛАБЫНЫҢ ЭКОСАЯБАҒЫНДА ӨҢІРДЕГІ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН 26 БІРЛІК АРНАЙЫ ТЕХНИКА МЕН КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫҢ КІЛТТЕРІ ТАБЫСТАЛДЫ. САЛТАНАТТЫ РӘСІМГЕ ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ ҚАТЫСТЫ.



Жаңа техникалар қатарында автокрандар, экскаваторлар, тиегіштер, бұрғылау машиналары, жұмысшыларды тасымалдайтын көліктер және басқа да арнайы машиналар бар. Олар гидротехникалық нысандарды күтіп ұстау мен жөндеу жұмыстарын жедел жүргізуге, су басу қаупінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Облыс әкімі су шаруашылығы нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайтып, жөндеу жұмыстарын уақытылы жүргізудің маңызын атап өтті. Оның айтуынша, биыл өңірде бес бөгет жөнделген.

2025 жылы мекеменің материалдық-техникалық базасын жаңартуға облыстық бюджеттен 355 млн теңге бөлінді. Бұл қаражатқа тиегіштер, экскаватор, жол катогы, жер снаряды және қосалқы жабдықтар сатып алынды. Сонымен қатар қаржы лизингі арқылы жалпы құны 2 млрд теңгеден асатын 32 бірлік арнайы техника мен көлік құралы алынды.

Қазір мекемеде 37 қызметкер еңбек етеді. Оның 17-сі Қарғалы, Қобда, Байғанин және Ырғыз аудандарында жұмыс істейді.


Shimmering
Aqzhan
From the vastness of the Great Steppe to the futuristic skyline of Astana, one young Akhal-Teke mare has become an impressive image of a country looking firmly towards the future while keeping its horses and heritage close behind.
Carrying the Spirit of Kazakhstan
Look across the skyline of Kazakhstan's capital and it is difficult to imagine that this is the same city that, little more than a generation ago, was a relatively small regional centre on the Kazakh Steppe. Kazakhstan decided to move its capital from Almaty to Akmola in 1997. Renamed Astana, the city has developed at extraordinary speed, with sweeping boulevards, futuristic buildings, new business districts and a population that has grown to more than a million people.
Yet underneath all the glass, steel and ambitious architecture flourishes a culture in which the horse has never been far from the centre.
Now a young Akhal-Teke mare called Aqzhan is providing a very different kind of image for the rapidly developing capital. She is not a monument, a building or a piece of public art. She is a living horse – and one whose extraordinary appearance seems almost designed to stand as part of Astana's modern skyline.
There is something particularly appropriate about a horse becoming the face of Astana.
Aqzhan was born in Astana on March 30, 2025, the daughter of the purebred Akhal-Teke horses Gauntly and Tabys. Her name, Aqzhan, is translated as 'Pure Soul'. What immediately sets her apart is her rare isabelline colouring, found in only about three per cent of Akhal-Teke horses. Her fine coat reflects light in a way that produces the metallic or satin-like sheen for which the breed is famous.
She is an extraordinary horse to look at, but Aqzhan's noble beauty goes considerably deeper than her colour.
A combination of refinement and strength
The Akhal-Teke horse features a long, elegant neck, refined head, fine skin, lean body and strong legs, which gives the breed an unmistakable appearance.
It is easy to mistake that refinement for delicacy. The Akhal-Teke, however, was shaped by some of the harshest conditions in Central Asia. Generations of selection produced a light, athletic horse capable of travelling considerable distances while coping with heat, limited resources and demanding terrain.
The breed is also intelligent and sensitive. It tends to form a strong relationship with its handler and responds best to thoughtful, consistent treatment rather than force. Its natural athleticism can be seen in disciplines including dressage, jumping, eventing and endurance.
That combination of refinement and toughness makes the Akhal-Teke an interesting horse for a country that has itself undergone such a remarkable transformation.
From the Great Steppe to a modern capital
For centuries, horses were fundamental to life across the Kazakh Steppe and played an important role in trade, warfare and everyday survival. The horse became much more than an animal to be ridden;

АСТАНАДА АҚЖАН АТТЫ ЕРЕКШЕ АҚАЛТЕКЕ БИЕ ӨСІП КЕЛЕДІ. ОНЫҢ ТҮТІ ЖАРЫҚТА МЫҢ ҚҰБЫЛЫП, ЖАРЫҚПЕН ШАҒЫЛЫСҚАНДА МЕТАЛЛ СИЯҚТЫ ЖЫЛТЫР РЕҢККЕ ШОМАДЫ, СИПАТТАМАЛАРҒА ЗЕР САЛСАҚ, АҚЖАНҒА ТӘН АҚШЫЛ-САРЫ (ИЗАБЕЛЛА) ТҮС ӨТЕ СИРЕК, АҚАЛТЕКЕНІҢ ТЕК ҮШ ПАЙЫЗЫНДА ҒАНА КЕЗДЕСЕДІ.



Айрықша бітімді Ақжан:

АСТАНАДА ТУҒАН ЕРЕКШЕ ЖЫЛҚЫ НЕСІМЕН ТАҢҒАЛДЫРАДЫ?



Ақжан 2025 жылғы 30 наурызда Қазақстан астанасында дүниеге келген. Оның тегі – Гаунтлы мен Табыс атты таза қанды ақалтеке жылқылары. Жас биенің аты «жаны ақ, таза» дегенді білдіреді.

Ақжанның басты ерекшелігі – сырт келбетінің айрықша бітімі. Ақшыл түті күн сәулесін шағылыстырып, алтын, металл немесе атлас реңкке ие болады. Мұндай ерекшелік ақалтеке тұқымының айрықша белгілерінің бірі.

ӘСЕМ ДЕ ТӨЗІМДІ

Ақалтеке жылқылары өздерінің сымбатты бітімімен танымал. Олардың ұзын мойыны, сүйрік басы, жұқа терісі, шымыр денесі және қуатты аяғы сүйіндіреді. Олардың бітімі нәзік көрінгенімен, табиғатқа тез бейімделгіш, төзімді. Орталық Азияның табиғи жағдайында қалыптасқан бұл тұқым өкілдері аптап ыстыққа шыдап, ұзақ қашықтықтарды еңсеруге бейімделген.

Бұл жылқылардың тағы бір ерекшелігі – сезімталдығы мен адамға тез бауыр басып, иесіне үйірсек болатыны. Олар дөрекі күшке қарағанда сабырлы әрі жүйелі қарым-қатынасқа пейілді келеді. Физикалық мүмкіндіктерінің арқасында ақалтеке жылқылары ат үйрету, кедергілерден секіру, үшсайыс және ұзақ қашықтыққа шабу сияқты ат спортының түрлі жарыстарында танымал.

ҰЛЫ ДАЛАДАН ЗАМАНАУИ АСТАНАҒА ДЕЙІН

Ақжанның тарихы Қазақстанның заманауи астанасының аясында ерекше мағынаға ие болады.

Бірнеше онжылдық ішінде Астана шағын облыс орталығынан заманауи сәулеті, кең даңғылдары және жаңа тұрғын аудандары бар үлкен шаһарға айналды.


Жылқы қазақ халқының мәдениеті мен тарихында айрықша мәнге ие. Ғасырлар бойы ол көшпелі өмірдің ажырамас бөлігі болып, алыс жолды еңсеруге, шаруашылық жүргізуге және елді қорғауға қызмет еткен.

Осы тұрғыдан алғанда, Ақжан – сирек кездесетін жылқы тұқымының өкілі ғана емес, ұлттық мұраның бүтінгі күнмен сабақтастығын көрсететін маңызды символ. Ол ғасырлық дәстүрлер жаңа қалалық символдармен қатар өмір сүретін, Ұлы дала тарихы мен заманауи Астана арасындағы байланыстың жарқын бейнесіне айналды.

Кітап оқуға үндеген жаңа ән

«Кітап оқитын ұлт» жобасының әнұраны мен бейнебаяны жарық көрді





РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЕЛІМІЗДЕ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУҒА ЖӘНЕ ҚОҒАМ АРАСЫНДА ОҚУҒА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН «КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ» ЖОБАСЫНЫҢ ӘНҰРАНЫ МЕН БЕЙНЕБАЯНЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ. ЖАҢА ТУЫНДЫ КІТАПТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДӘРІПТЕП, БІЛІМГЕ ҮМТЫЛУ, ҰЛТТЫҚ БІРЛІК ПЕН ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ИДЕЯЛАРЫН НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН.

«Кітап оқитын ұлт» жобасының басты мақсаты – кітап оқуды күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналдыру, азаматтардың білімге құштарлығын арттыру және қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда, әнұранның Республика күні қарсаңында таныстырылуының символдық мәні бар. Өйткені білімді, ойлы әрі рухани бай ұрпақ тәрбиелеу – елдің болашағы мен қоғамдық дамуының маңызды негіздерінің бірі.

Қазақ және орыс тілдерінде әзірленген ән мәтінінде білімнің адам өміріндегі маңызы, кітаптың рухани құндылығы және ел болашағы үшін білімді ұрпақ тәрбиелеудің қажеттілігі кеңінен көрініс тапқан. Туындыда кітап жаңа идеялар мен тың ойлардың қайнар көзі, адамды үздіксіз ізденіске жетелейтін рухани қазына әрі өткен мен бүгінді байланыстыратын құнды мұра ретінде сипатталады. Сонымен қатар ән мәтінінде ұрпақтар сабақтастығын сақтау, білімге ұмтылу, ортақ мақсат жолында бірігу және ел бірлігін нығайту идеяларына басымдық берілген. Жарық көрген әнұран кітап оқудың жеке адамның дамуына ғана емес, қоғамның рухани өркендеуіне де ықпал ететінін айқындап, білім мен парасатты жоғары бағалайтын ұрпақ қалыптастырудың маңызын айқындап отыр.

Әннің сөзі мен сазын «Кітап оқитын ұлт» жобасының Астана қаласындағы кеңсе жетекшісі Жақсыбай Боранбаев жазған. Ал бейнебаянды әзірлеу жұмысы Астана қаласындағы Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясының мұғалімі Қамбар Рахметовпен бірлесіп жүзеге асырылды. Туындыны дайындау барысында шығармашылық ізденіс пен заманауи технологиялардың мүмкіндіктері ұштастырылып, ән мен бейнебаянды әзірлеу үдерісінде жасанды интеллект құралдары қолданылды. Бұл тәсіл дәстүрлі рухани құндылықтарды заманауи цифрлық мүмкіндіктер арқылы насихаттауға және жобаның мазмұнын көпшілікке тың формата ұсынуға жол ашты.

Жасанды интеллект технологияларын қолдану жобаның цифрлық форматта ұсынылуына мүмкіндік беріп, шығармашылық идеяларды жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін көрсетті. Бұл ретте дәстүрлі рухани құндылықтарды заманауи технологиялармен үштастыру кітап оқу мәдениетін кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

Әнұран мен бейнебаян көпшілік назарына цифрлық форматта ұсынылды. Жаңа туынды «Кітап оқитын ұлт» жобасының мазмұнын кеңейтіп қана қоймай, кітап оқудың маңызын кең аудиторияға жеткізуге және қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Әсіресе, цифрлық контентті белсенді пайдаланатын жастар арасында кітап оқуды насихаттау – бүтінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі. Ән мен бейнебаянның заманауи форматта ұсынылуы жас буынның назарын аударып, оларды кітап әлеміне жақындатуға ықпал етуі мүмкін.

Кітап оқу мәдениетін дамытуға бағытталған мұндай бастамалардың нәтижелі болуы олардың бір реттік іс-шарамен шектелмей, қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналуына байланысты. Бұл ретте оқырмандарды түрлі шығармашылық және ағартушылық жобаларға тарту, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және күнделікті оқу дағдысын қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

Айта кетейік, «Кітап оқитын ұлт» жобасының ауқымы жыл сайын кеңейіп келеді. 2025 жылы Қарағанды және Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында пилоттық форматта жүзеге асқан бастамаға 189 мыңнан астам адам қатысып, сегіз ай ішінде шамамен 2 миллион кітап оқылған. Ал 2026 жылы жоба республикалық деңгейге кеңейтіліп, еліміздің барлық 20 өңірін қамтыды. 2026 жылғы қазан айындағы мәлімет бойынша, марафонға тіркелгендер саны 1,4 миллионнан асып, онлайн платформада 368 мыңнан астам кітап оқылғаны көрсетілген. Бұл көрсеткіштер қоғамда оқу мәдениетін кеңінен қалыптастыруға бағытталған жобаның маңызы арта түскенін аңғартады.

Әсел МАҚСАТ

AMANAT MEDIA GROUP

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

**Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ**

**Бас редактор
Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ**

**Бас редактордың орынбасары
Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ**

**ЖУРНАЛИСТЕР:
Арайлым ЖОЛДАСБЕККЫЗЫ,
Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ,
Наурызбек САРША,
Әсел ӘНУАРБЕК,
Ахмет ӨМІРЗАҚ**
(Алматы қаласы)

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ:
Елдар ҚАБА
(беттеуші-дизайнер)

Корректор:
Саягүл САПАРҚЫЗЫ

Нөмірдің кезекшісі:
Арайлым ЖОЛДАСБЕККЫЗЫ

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
- Тапсырыс №10200. Таралымы 5762 Көлемі 4 б. т.

Бағасы келісім бойынша

Мекенжайымыз: 010000. Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 12/1

Редакция телефоны – 8(7172) 72-95-39
ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.liter@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32, 8(7172) 72-95-39
podpiska.alt@gmail.com

- Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді
- Оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды
- © «Түркістанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттердің сапасына редакция жауап береді
- Мақалалар коммерциялық негізде басылды
- Жарнамалар мазмұнына редакция жауап бермейді

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Газет «Түркістан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, қайта есепке қою туралы №KZ20VPY00019166 куәлігі 08.01.2020 жылы берілген.

Индексі: Жеке жазылушылар үшін – 65413, мекемелер мен ұйымдар үшін – 15413.